

## Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 4 қазандағы № 792 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 10 қазанда № 19458 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 4 шілдедегі № 668 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 04.07.2023 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жалпы орта білім беру базасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының "Әскери іс және қауіпсіздік" техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтар тобы бойынша;

2) осы бұйрыққа 1-1-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім беру базасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының "Әскери іс және қауіпсіздік" техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтар тобы бойынша;

3) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының "Әскери іс" жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 07.10.2021 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қорғаныс министрі*

*Н. Ермекбаев*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2019 жылғы 4 қазандағы  
№ 792 бұйрығына  
1-қосымша

**Жалпы орта білім беру базасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының "Әскери іс және қауіпсіздік" техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтар тобы бойынша үлгілік оқу бағдарламалары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 07.10.2021 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-бөлім. Қазақ тілі.

Пән мақсаты.

"Қазақ тілі" пәні "Рухани жаңғыру" жалпыұлттық идеясын іске асыру шеңберінде әлеуметтік-гуманитарлық көзқарасты қалыптастыру мақсатында қазақ тілін оқытуға арналған.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Қазақ тілін оқыту мақсаты кадеттердің қазақ тілінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, әскери терминдерді іс жүзінде қолдану мақсатында кадеттерді олармен таныстыру, болашақ сержанттарды оқыған мәтінді талдай білуге, кәсіптік лексикаға, оларды өз қызметі саласында пайдалануға байланысты қазақ тілінде дұрыс сөйлеудің қалыптасуын қамтамасыз ететін лексикалық-грамматикалық материалды пысықтауға, қазақ тілінің грамматикалық материалын салыстыруға, қызметтік-тұрмыстық мақсаттағы құжаттарды жасауға оқытып-үйрету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- 1) әңгімелесу және әдебиет оқу үшін қажетті көлемдегі фонетикалық, лексикалық-грамматикалық құбылыстар;
- 2) арнайы, әскери, қоғамдық-саяси, тұрмыстық және әдеби лексиканы дамыту ;
- 3) грамматикалық материал мен әскери лексиканы қамтитын мәтінді оқығаннан кейін қысқаша мазмұндау;
- 4) зерделенген тақырыптар шегінде қазақ тілінде әңгімелесу;
- 5) екіжақты аударма жүргізу;
- 6) әскери терминдерді түсіну және қолдану;
- 7) жалпы әскери терминологияны меңгеру;
- 8) әскери терминдер мен сөз тіркестерін меңгеру, олардың негізінде мамандық бойынша мәтіндер құрастыру;
- 9) кадеттердің қазақ тілін үйренуге ішкі уәждемесін дамыту;
- 10) қазақ тілінде ой-пікірлерімен алмасу дағдыларын жетілдіру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын біліктілігі.

"Қазақ тілі" пәнін меңгеру нәтижесінде білім алушыларда мынадай жалпы және әскери-кәсіби дағдылар қалыптасады:

- 1) Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде, бітімгершілік күштер мен басқа да халықаралық ұйымдарда әртүрлі елдердің Қарулы Күштерінің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауға қабілеттілік;
- 2) қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және дәлелді тұжырымдау қабілеті;
- 3) қазіргі заманғы техникалық және технологиялық инновациялармен танысу мақсатында құжаттарды оқу және аудару қабілеті;
- 4) ақпаратты естуі бойынша диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын қабылдай алу қабілеті;
- 5) ойын, сондай-ақ жеке және іскерлік сипаттағы хаттарды жазу кезінде ақпаратты жүйелі мазмұндау дағдыларын дамыту.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Танысу. Баянат. Баяндау.
2.	2-тақырып. Саптық командалар. Грамматикалық минимум.
3.	3-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным.
4.	4-тақырып. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі.
5.	5-тақырып. Бүркемелеу.
6.	6-тақырып. Әскери киім нысаны. Әскери мақалдар.
7.	7-тақырып. Спорт және дене шынықтыру дайындығы.
8.	8-тақырып. Инженерлік даярлық.

9.	9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.
10.	10-тақырып. Барлау.
11.	11-тақырып. Қазақстан тарихындағы көрнекті адамдар.
12.	12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.
13.	13-тақырып. Әскери өнер негіздері.
14.	14-тақырып. Қару-жарак және әскери техника.
15.	15-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы.
16.	16-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы.
17.	17-тақырып. Әскери топография.
18.	18-тақырып. Қарудың тарихи түрлері.
19.	19-тақырып. Жауынгерлік әзірлік.
20.	20-тақырып. Оқ ату даярлығы.
21.	21-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау.
22.	22-тақырып. Байланысты ұйымдастыру және өзара іс-қимыл.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Танысу. Баянат. Баяндау.

Таныстыру. Танысу. Кезекшінің баянаты.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

2-тақырып. Саптық командалар. Грамматикалық минимум.

Саптық тәсілдерді қарусыз және қарумен орындау кезінде, қарауыл таралымы, ауысым кезінде, күнделікті қызметте, ішкі қызметті атқару кезінде командаларды дұрыс қолдану. Тақырыпқа сәйкес мәтінмен жұмыс істеу кезінде дағдыларды меңгеру.

Саптан шығу кезінде, бастыққа жақындаған кезде командаларды меңгеру. Грамматикаға сәйкес саптық командаларды қолдану жөніндегі екінші тақырыпқа сәйкес бақылау жұмыстарын қабылдау.

3-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным.

Менің мамандығым. Мамандық. Әскери мамандық. Әртүрлі стильдегі мамандықтарға сәйкес мәтіндерді оқу, негізгі мағынасын түсіну.

4-тақырып. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

Тақырыпқа сәйкес мемлекеттік тіл туралы заңдар, бұйрықтар, жарғылармен танысу. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мемлекеттік тілдің деңгейі. Жазу тілі туралы афоризмдер, мақалдар мен мәтелдерді айту.

5-тақырып. Бүркемелеу.

"Бүркемелеу" тақырыбы бойынша әскери терминдермен жұмыс. Бүркемелеу талаптары мен қағидалары.

Сөздерді таңдау жолымен сөйлемдер құрастыру, сөйлемдердің мағынасын айта білу.

6-тақырып. Әскери киім нысаны. Әскери мақалдар.

Әскери киім нысанының түрлері және әскери атақтар тізбесі. Әскери терминдердің көмегімен сөйлемдер құрастыру. Әңгімелесулер мен диалогтар құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмысты жазуды бақылау.

Тиісті әскери мақалдарды қолдана білу.

7-тақырып. Спорт және дене шынықтыру дайындығы.

Спорт. Спорттық ойын түрлері. Дене шынықтыру. Атақты спортшылар.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым бойынша бейімделгендерді көшірмелеу және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, спорттық және кәсіби салалар үшін өзекті тақырыптарға ауызша және жазбаша түрдегі диалогтік және монологтік пікірлерді өндіру.

8-тақырып. Инженерлік даярлық.

Инженерлік бөгеттердің түрлері. Әскери пәндермен байланыс, миналардың, гранаталардың тактикалық-техникалық сипаттамалары.

Әңгімелесулер мен диалогтар құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмысты жазуды бақылау.

9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.

Қазақстанның географиялық орналасуы. Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері . Нұр-Сұлтан – Қазақстанның астанасы. Қазақстан Республикасы астанасының дамуы. Алматы – Қазақстан Республикасының мәдени және өнеркәсіптік қаласы. Менің туған қалам. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелері. Қазақстан халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту: пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

10-тақырып. Барлау.

Барлауға қойылатын талаптар, әскери пәндермен байланыс.

Әскери терминдердің көмегімен сөйлемдер құрастыру. Аударма.

11-тақырып. Қазақстан тарихындағы көрнекті адамдар.

Н.Ә. Назарбаев, Қ. Қайсенов, С. Нұрмағамбетов, Ш. Уәлиханов, Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова және М. Мәметова.

Кәсіптік әскери тақырыптарда сөйлесу, әңгімелесу, диалогтар құрастыру, пікірталас жүргізу.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.

Қарулы Күштердің құрылысы және міндеттері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері. Әскер тектері және қызметі. Әскери мамандықтардың тактикалық белгілері. Құрлық әскерлері бөлімшелерінің құрылымы. Құрлық әскерлерінің бөлімдері мен құрамалары. Әскери атақтар мен лауазымдар. Әскери бөлімше. Әскери қызметшілердің назар аударту нысандары. Құрлық әскерлері. Тактикалық белгілер. Ротаны ұйымдастыру. Құрлық әскерлері әскерлерінің тектері мен қызметі.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру. Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

13-тақырып. Әскери өнер негіздері.

Тактика әскери өнердің құрамдас бөлігі ретінде. Бөлімшелерді басқару. Жергілікті соғыстардағы және қарулы жанжалдардағы әскери өнердің дамуы. Ұрысты қамтамасыз ету түрлері.

Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар. Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

14-тақырып. Қару-жарақ пен әскери техника.

Мотоатқыштар бөлімшелері: міндеттері мен қару-жарағы. Атыс қаруының, жауынгерлік машиналардың тактикалық-техникалық сипаттамалары. Қару-жарақтың жаңа түрлері. Взводтың, ротаның қару-жарағы. Артиллериялық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері мен қару-жарағы.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту: пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

Әскерлерді жауынгерлік қолдану (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

15-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы.

Қорғаныс. Мақсаттары. Қорғаныс түрлері. Қорғаныс терминдері. Қорғаныс құрылысын айта білу. Таңдаған сөздердің көмегімен мәтіндер құрастыру.

16-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы.

Шабуыл. Шабуыл түрлері. Шабуылды дайындау.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым бойынша бейімделгендерді көшірмелеу және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптарға ауызша және жазбаша түрдегі диалогтік және монологтік пікірлерді өндіру.

17-тақырып. Әскери топография.

Топографиялық карта. Әскери топография. Жергілікті жердің бедері және оның картада бейнеленуі. Карталар мазмұнының негізгі элементтері. Картадағы өлшем.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

Топография (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

18-тақырып. Қарудың тарихи түрлері.

Қару-жарақ пен техниканың тарихи түрлерін пайдалану. Қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы түрлерімен салыстыру.

Тақырып бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру.

Терроризмге қарсы (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз ).

19-тақырып. Жауынгерлік әзірлік.

Жауынгерлік әзірлік. Тактикалық даярлық. Оқ ату даярлығы.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

Оқытылатын мамандықтың ерекшелігі (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

20-тақырып. Оқ ату даярлығы.

Оқ ату түрлері. Оқ ату даярлығында қолданылатын терминдермен жұмыс.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту, пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

Жалпыәскери терминдер (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

21-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау.

Әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жеке қорғану құралдары. Тақырып бойынша әскери терминдермен жұмыс.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

Радиохимиялық және биологиялық қорғау (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

22-тақырып. Бөлімшелер арасындағы байланысты ұйымдастыру.

Әскерлерді басқарудағы байланыстың ролі және орны. Қағидаттары мен тәсілдері.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" аббревиатурасы (латын графикасына негізделген әліпбимен кемінде 10 сөз).

2-бөлім. Орыс тілі.

Пән мақсаты.

Пәннің мақсаты кәсіптік лексикаға, оларды өз қызметі саласында қолдануға, орыс тілі мен қазақ тіліндегі грамматикалық материалды салыстыруға, қызметтік-тұрмыстық мақсаттағы құжаттарды жасауға байланысты дұрыс сөйлеуді қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Орыс тілін оқыту мақсаты кадеттердің орыс тілінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, әскери терминдерді іс жүзінде қолдану мақсатында кадеттерді олармен таныстыру, болашақ сержанттарды оқыған мәтінді талдай білуге, лексикалық-грамматикалық материалды пысықтауға үйрету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) әңгімелесу және әдебиет оқу үшін қажетті көлемдегі фонетикалық, лексикалық-грамматикалық құбылыстар;

2) арнайы, әскери, қоғамдық-саяси, тұрмыстық және әдеби лексиканы дамыту ;

3) грамматикалық материал мен әскери лексиканы қамтитын мәтінді оқығаннан кейін қысқаша мазмұндау;

4) зерделенген тақырыптар шегінде орыс тілінде әңгімелесу;

5) екіжақты аударма жүргізу;

6) әскери терминдерді түсіну және қолдану;

7) жалпы әскери терминологияны меңгеру;

8) әскери терминдер мен сөз тіркестерін меңгеру, олардың негізінде мамандық бойынша мәтіндер құрастыру;

9) кадеттердің орыс тілін үйренуге ішкі уәждемесін дамыту;

10) орыс тілінде ой-пікірлерімен алмасу дағдыларын жетілдіру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыларда қалыптасатын біліктілігі.

"Орыс тілі" пәнін меңгеру нәтижесінде білім алушыларда мынадай жалпы және әскери-кәсіби дағдылар қалыптасады:

1) БҰҰ шеңберінде, бітімгершілік күштер мен басқа да халықаралық ұйымдарда әртүрлі елдердің Қарулы Күштерінің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауға қабілеттілік;

2) орыс тілінде өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және дәлелді тұжырымдау қабілеті;



3) қазіргі заманғы техникалық және технологиялық инновациялармен танысу мақсатында құжаттарды оқу және аудару қабілеті;

4) ақпаратты естуі бойынша диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын қабылдай алу қабілеті;

5) ойын, сондай-ақ жеке және іскерлік сипаттағы хаттарды жазу кезінде ақпаратты жүйелі мазмұндау дағдыларын дамыту.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Танысу.
2.	2-тақырып. Сапты басқаруға арналған командалар.
3.	3-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным.
4.	4-тақырып. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі.
5.	5-тақырып. Бүркемелеу.
6.	6-тақырып. Әскери киім нысаны. Әскери мақалдар.
7.	7-тақырып. Спорт және дене шынықтыру дайындығы.
8.	8-тақырып. Инженерлік даярлық.
9.	9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.
10.	10-тақырып. Барлау.
11.	11-тақырып. Қазақстан тарихындағы көрнекті адамдар.
12.	12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.
13.	13-тақырып. Әскери өнер негіздері.
14.	14-тақырып. Қару-жарақ пен әскери техника.
15.	15-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы.
16.	16-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы.
17.	17-тақырып. Әскери топография.
18.	18-тақырып. Қару-жарақ пен техниканың тарихи түрлері.
19.	19-тақырып. Жауынгерлік әзірлік.
20.	20-тақырып. Оқ ату даярлығы. Оқ ату түрлері.
21.	21-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай кырып-жоятын қарудан қорғау.
22.	22-тақырып. Бөлімшелер арасындағы байланысты ұйымдастыру.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Танысу.

Таныстыру. Танысу. Кезекшінің баянаты.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

2-тақырып. Сапты басқаруға арналған командалар.

Саптық тәсілдерді қарусыз және қарумен орындау кезінде, қарауыл таралымы, ауысым кезінде, күнделікті қызметте, ішкі қызметті атқару кезінде командаларды дұрыс қолдану. Саптан шығу кезінде, бастыққа жақындаған кезде командаларды меңгеру.

3-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным.

Менің мамандығым. Мамандық. Әскери мамандық. Өткен және бүгінгі күн: өткен заман оқиғалары, өткен заманның батырлары, данышпандары, дарынды жасөспірімдер. Атақты ұшқыш-сынаушылар. Атақты адамдардың өмірбаяндары. Ұлы өнертабыстар.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым бойынша бейімделгендерді көшірмелеу және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптарға ауызша және жазбаша түрдегі диалогтік және монологтік пікірлерді өндіру.

4-тақырып. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру. Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

5-тақырып. Бүркемелеу.

"Бүркемелеу" тақырыбы бойынша әскери терминдермен жұмыс. Бүркемелеу талаптары мен қағидалары.

Сөздерді таңдау жолымен сөйлемдер құрастыру, сөйлемдердің мағынасын айта білу.

6-тақырып. Әскери киім нысаны. Әскери мақалдар.

Әскери киім нысанының түрлері және әскери атақтар тізбесі. Әскери терминдердің көмегімен сөйлемдер құрастыру. Әңгімелесулер мен диалогтар құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмысты жазуды бақылау.

Тиісті әскери мақалдарды қолдана білу.

7-тақырып. Спорт және дене шынықтыру дайындығы.

Спорт. Спорттың ойын түрлері. Дене шынықтыру. Атақты спортшылар.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым бойынша бейімделгендерді көшірмелеу және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, спорттық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптарға ауызша және жазбаша түрдегі диалогтік және монологтік пікірлерді өндіру.

8-тақырып. Инженерлік даярлық.

Инженерлік бөгеттердің түрлері. Әскери пәндермен байланыс, миалардың, гранаталардың тактикалық-техникалық сипаттамалары.

Әңгімелесулер мен диалогтар құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмысты жазуды бақылау.

9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.

Қазақстанның географиялық орналасуы. Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері . Нұр-Сұлтан – Қазақстанның астанасы. Қазақстан Республикасы астанасының дамуы. Алматы – Қазақстан Республикасының мәдени және өнеркәсіптік қаласы. Менің туған қалам. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелері. Қазақстан халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту. Пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

10-тақырып. Барлау.

Барлауға қойылатын талаптар, әскери пәндермен байланыс.

Әскери терминдердің көмегімен сөйлемдер құрастыру. Аударма.

11-тақырып. Қазақстан тарихындағы көрнекті адамдар.

Жәнібек пен Керей – қазақ хандығының негізін қалаушылар. Ұлы қазақ хандары. Көрнекті батырлар. Қазақстанның көрнекті әдебиет, ғылым, өнер қайраткерлері. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. С. Нұрмағамбетов – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Қорғаныс министрі.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту: пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.

Қарулы Күштердің құрылымы және міндеттері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері. Әскер тектері және қызметі. Әскери мамандықтардың тактикалық белгілері. Құрлық әскерлері бөлімшелерінің құрылымы. Құрлық әскерлерінің бөлімдері мен құрамалары. Әскери атақтар мен лауазымдар. Әскери бөлімше. Әскери қызметшілердің назар аударту нысандары. Құрлық әскерлері. Тактикалық белгілер. Ротаны ұйымдастыру. Құрлық әскерлері әскерлерінің тектері мен қызметі.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру. Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

13-тақырып. Әскери өнер негіздері.

Тактика әскери өнердің құрамдас бөлігі ретінде. Бөлімшелерді басқару. Жергілікті соғыстардағы және қарулы жанжалдардағы әскери өнердің дамуы. Ұрысты қамтамасыз ету түрлері.

Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар. Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

14-тақырып. Қару-жарақ пен әскери техника.

Мотоатқыштар бөлімшелері: міндеттері мен қару-жарағы. Атыс қаруының, жауынгерлік машиналардың тактикалық-техникалық сипаттамалары. Қару-жарақтың жаңа түрлері. Взводтың, ротаның қару-жарағы. Артиллериялық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері мен қару-жарағы.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту. Пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

15-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы.

Қорғаныс. Қорғаныс түрлері. Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар. Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

16-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы.

Шабуыл. Шабуыл түрлері. Шабуылды дайындау.

Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым бойынша бейімделгендерді көшірмелеу және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптарға ауызша және жазбаша түрдегі диалогтік және монологтік пікірлерді өндіру.

17-тақырып. Әскери топография.

Топографиялық карта. Әскери топография. Жергілікті жердің бедері және оның картада бейнеленуі. Карталар мазмұнының негізгі элементтері. Картадағы өлшем.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

18-тақырып. Қару-жарақ пен техниканың тарихи түрлері.

Қару-жарақ пен техниканың тарихи түрлерін қолдану. Қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы түрлерімен салыстыру.

Тақырып бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру.

19-тақырып. Жауынгерлік әзірлік.

Жауынгерлік әзірлік. Тактикалық даярлық. Оқ ату даярлығы.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

20-тақырып. Оқ ату даярлығы. Оқ ату түрлері.

Оқ ату даярлығында қолданылатын терминдермен жұмыс.

Оқу-кәсіптік сөйлеуді дамыту: пікірлердің негізгі функционалдық-мағыналық түрлеріне: сипаттау монологына, мазмұндау монологына, пайымдау монологына, әңгімелесу диалогына, пікірталас диалогына қарқынды оқытып-үйрету.

21-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау.

Әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жеке қорғану құралдары. Тақырып бойынша әскери терминдермен жұмыс.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлерін: әңгімелесуді, сипаттауды, хабарлауды құрастыру.

22-тақырып. Бөлімшелер арасындағы байланысты ұйымдастыру.

Әскерлерді басқарудағы байланыстың ролі және орны. Қағидаттары мен тәсілдері.

Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру . Функционалдық аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

3-бөлім. Ағылшын тілі.

Пән мақсаты.

"Ағылшын тілі" пәні кәсіптік білім беру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз етуге, білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізген ағылшын тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттыруға және кадеттердің тұрмыстық, мәдени-кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларында әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін коммуникативтік біліктіліктің қажетті және жеткілікті деңгейін меңгеруіне, сондай-ақ одан әрі өздігінен білім алуына арналған.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Пәнді оқытудың мақсаты кәсіби қызметте одан әрі қолдану үшін қажетті тиісті даярлықты және ағылшын тілі саласындағы білім мен шеберлік деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) айтылымда, тыңдалымда, оқылымда және жазылымда коммуникативтік шеберлікті дамыту және жетілдіру;

2) ұсынылған тақырыптарға сәйкес жана тілдік құралдарды жүйелендіру және меңгеру;

3) ағылшын тілін меңгеру бойынша оқу қызметін жетілдіруге мүмкіндік беретін жалпы және арнайы оқу дағдыларын дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын біліктілігі:

1) тілдік, сөйлеу, лингвистикалық-елтанымдық және әлеуметтік-лингвистикалық біліктілікті қамтитын коммуникативтік біліктілік. Осы біліктілік оқу, күнделікті, кәсіби салаларда өзге тілде қарым-қатынас жасау үшін қажет және кадеттердің өзге тілді саладағы әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығын айқындайды;

2) жалпымәдени біліктілік, ол кадетердің шетелдік және жалпыадами мәдениет ерекшеліктеріне қатысты мәселелер аясын зерделеуін болжайды және кадеттерге мәдениет диалогына қосылуға мүмкіндік береді;

3) оқу-танымдық біліктілік, ол кадеттердің өзге тілде қарым-қатынас жасау жағдайларында әртүрлі кәсіби салаларда бейімделу және тиімді қызмет үшін қажетті білімнің, шеберліктің, қабілеттердің бар болуын болжайды;

4) теңгермелік біліктілік, ол кадеттерге өзінің өзге тілдік білімінің, дағдылары мен шеберлігінің тапшылығын жеңу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді;

5) зияткерлік-жеке біліктілік – кадеттердің ағылшын тілін өздігінен және үзбей үйренуге қабілеттерін дамыту және тәрбиелеу, одан әрі өздігінен білім алуы және оны басқа білім салаларында пайдалануы, кадеттердің олардың болашақ мамандығына қатысты жеке өз тағдырын өзі шешуі.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Танысу.
2.	2-тақырып. Менің отбасым.
3.	3-тақырып. Мамандық. Жұмыс.
4.	4-тақырып. Бос уақыт.
5.	5-тақырып. Менің үйім.
6.	6-тақырып. Ұнататын ісім. Хобби.
7.	7-тақырып. Ұлыбритания және тілін үйренетін басқа да елдер.
8.	8-тақырып. Ұлттық тағамдар. Тамақ пен сусындар.
9.	9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.
10.	10-тақырып. Нұр-Сұлтан – болашақ қаласы.
11.	11-тақырып. Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі.
12.	12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.
13.	13-тақырып. Әскери өнер негіздері.
14.	14-тақырып. Бөлімшенің оқу-жаттығулар өткізу жағдайларындағы іс-қимылдары.
15.	15-тақырып. Полигон және оны қамтамасыз ету.
16.	16-тақырып. Атыс қаруы және оны қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

17.	17-тақырып. Армиядағы спорт және дене шынықтыру дайындығы.
18.	18-тақырып. Шетел армияларының қару-жарағы мен әскери техникасы.
19.	19-тақырып. Далалық жағдайларда төзімділік.
20.	20-тақырып. Уақытты бөлу және күнделікті тәртіп. Күн тәртібі.
21.	21-тақырып. Әскери топография.
22.	22-тақырып. Әскери тұтқындар және олармен сөйлесу.
23.	23-тақырып. Армиядағы мансап.
24.	24-тақырып. Жалпы тактика. Қорғаныс.
25.	25-тақырып. Жалпы тактика. Оқ ату және маневрлер жүргізу.
26.	26-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылын бағалау.
27.	27-тақырып. Жалпы тактика. Шабуыл.
28.	28-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы міндеттері және оларды орындау. Қорытындылар шығару.
29.	29-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыстағы іс-қимылдар . Қарсыласпен байланыс.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Танысу.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Амандасу. Танысу. Кезекшінің баянаты.

Әліпби. Оқылым қағидалары (оқылымның 1, 2, 3, 4-түрлері), жіктеу және тәуелдік есімдіктері. Грамматика: "to be" етістігі; зат есімнің тәуелдік септігі, сан есім, көпше түрдің жасалуы.

2-тақырып. Менің отбасым.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Отбасы. Туысқандар. Достар. "to be" етістігін жіктеу, сан есім;

Апта күндерін енгізу және бекіту; әріптер мен дыбыстар (транскрипциямен жұмыс); орфография.

3-тақырып. Мамандық. Жұмыс.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Кәсіп. Мамандықтар. Сұрау сөздері.

Грамматика: "Present Simple Tense". Болымды форма.

4-тақырып. Бос уақыт.

Уақыт. Күн тәртібі. Сан есім.

Грамматика: "Present Simple Tense". Сұрау және болымсыз түрлері.

5-тақырып. Менің үйім.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Менің үйім, пәтерді, бөлмелерді сипаттау.

"There is/there are" орамы; "some/any" қолдану; "on, in, at" предлогтарын қолдану. Үйді/пәтерді сипаттауға арналған мекен предлогтары.

6-тақырып. Ұнататын ісім. Хобби.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Әуежайда.

Грамматика: "can/cannot" модальды етістігін және "was/were" етістіктерін қолдану.

7-тақырып. Ұлыбритания және тілін үйренетін басқа да елдер.

Тақырып бойынша жаңа лексикалық материалды енгізу. Ұлыбританияның географиялық орналасуы. Лондон.

Грамматика: "Past Simple Tense" – 1. Болымды түрі.

Грамматика: "Past Simple Tense" – 2. Сұраулы және болымсыз түрлері. Дұрыс және бұрыс етістіктер.

8-тақырып. Ұлттық тағамдар. Тамақ пен сусындар.

Тақырып бойынша жаңа лексикалық материалды енгізу.

Грамматика: санды айқындау: саналатын және саналмайтын зат есімдер: "How much/how many".

9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Менің Отаным – Қазақстан. Географиялық орналасуы, климаты, ел тұрғындары. Тұңғыш Президент және мемлекеттік құрылым. Көрнекі жерлері және елдің мәдени мұрасы.

10-тақырып. Нұр-Сұлтан – болашақ қаласы.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қалалары және оның көрнекі жерлері.

Грамматика: бір буынды және көп буынды сын есім және оның салыстырмалы шырайлары.

11-тақырып. Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылысы және құрылымы. Ұйымның қызметі.

Грамматика: "shall/will" келер шағы. "be+going+ to" грамматикалық орамы.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қарулы Күштердің түрлері. Әскер тектері мен қызметі. Нысаны мен киім-кешегі.

Мотоатқыштар бөлімшесінің керек-жарағы және жабдықталуы.

Грамматика: жіктеу және тәуелдік есімдіктері, оларды қолдану.

13-тақырып. Әскери өнер негіздері.

Қарулы жанжалдардағы әскери өнердің дамуы. Барлау.

Мотоатқыштар бөлімшелерінің құрылымы, міндеттері мен қару-жарағы.

Грамматика: Ауыспалы осы шақ. "Present Continuous Tense" және оның қолданылуы.

14-тақырып. Бөлімшенің оқу-жаттығулар өткізу жағдайларындағы іс-қимылдары.



Бөлімшелердің оқу-жаттығулар өткізу жағдайларындағы іс-қимылдары.  
Оқу-жаттығудағы бригада.

Грамматика: мекен предлогтары және олардың қолданылуы.

15-тақырып. Полигон және оны қамтамасыз ету.

Бөлімшелердің далалық шығуларды өткізу жағдайларындағы міндеттері мен іс-қимылдары.

Бөлімшенің полигондағы күн тәртібі.

Грамматика: мезгіл предлогтары: "at, on, until, from" және олардың қолданылуы.

16-тақырып. Атыс қаруы және оны қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Атыс қаруының тактикалық-техникалық сипаттамалары және оны қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

17-тақырып. Армиядағы спорт және дене шынықтыру дайындығы.

Армиядағы спорт және дене шынықтыру дайындығы.

Шығармашылық жұмыс.

Грамматика: қимыл предлогтары және олардың қолданылуы.

18-тақырып. Шетел армияларының қару-жарағы мен әскери техникасы.

Жауынгерлік машиналардың тактикалық-техникалық сипаттамалары.  
Қару-жарактың жаңа түрлері. Броньды транспортер. Жаяу әскер жауынгерлік машинасы.

Шетел армияларының қару-жарағы мен әскери техникасы.

Грамматика: білімді өзектілендіру "What has it got? or What does it have?".

"It has got a 120 mil gun. What can it do? It can travel across country. A modern tank is more powerful than an older one".

19-тақырып. Далалық жағдайларда төзімділік.

Бөлімшелердің жауынгерлікке жақындатылған жағдайлардағы міндеттері мен іс-қимылдары.

Шығармашылық жұмыс.

Грамматика: білімді өзектілендіру "He is using his poncho to make a shelter".

"He is covering the injury with a dressing. Move quietly".

20-тақырып. Уақытты бөлу және күнделікті тәртіп. Күн тәртібі.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Күн тәртібі.

Грамматика: білімді өзектілендіру "Did you prepare your room? He did not straighten out the mat".

21-тақырып. Әскери топография

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Топографиялық карта. Әскери топография. Жергілікті жердің бедері және оның картада бейнеленуі.

Оқу-жаттығуларды өткізу кезінде құбылнамамен жұмыс.

Грамматика: білімді өзектілендіру "You will move by day and by night. You are to draw combat rations from the stories".

22-тақырып. Әскери тұтқындар және олармен сөйлесу

Жаңа лексиканы енгізу. Әскери тұтқындармен сөйлесу.

Әскери тұтқыннан жауап алу.

Грамматика: "can, may, must" модальды етістіктері, олардың негізгілері және қолданылуы.

23-тақырып. Армиядағы мансап

Армиядағы мансап. Әскери қызметшілердің бос уақыты және тұрмысы.

Шығармашылық жұмыс.

Грамматика: "Present Perfect Tense" (1) және оның қолданылуы.

24-тақырып. Жалпы тактика. Қорғаныстағы взвод.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қорғаныс.

Қорғаныс түрлері. Қорғаныстағы бөлімшенің іс-қимылы.

Грамматика: "Present Perfect Tense" (2) және оның қолданылуы.

25-тақырып. Жалпы тактика. Оқ ату және маневрлер жүргізу.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Ұрыс жүргізудің тактикалық тәсілдері.

Маневр жүргізу кезінде жеке құрамның жеке жауынгерлік дағдылары.

Грамматика: білімді өзектілендіру "This is what have to do. You must know what to do".

26-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылын бағалау.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылы.

Бөлімшенің қойылған міндеттерді орындауы және оларды бағалау.

Грамматика: ағылшын тіліндегі арнайы сұрақтар. "What do you plan to do? What is your aim? What will the gun group do?".

27-тақырып. Жалпы тактика. Шабуылдағы бөлімше.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Шабуыл. Шабуыл түрлері.

Шабуылды дайындау. Тактикалық тәсілдер.

Грамматика: білімді өзектілендіру "What did the rifle group do? They crawled along the ditch".

28-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы міндеттері және оларды орындау. Қорытынды шығару.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылы.

Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылын талдау және қорытынды шығару.

Грамматика: төл және төлеу сөз. "I told you to move quickly. You were told not to make a lot of noise".

29-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыстағы іс-қимылдар. Қарсыласпен байланыс.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылы.

Ұрысты жүргізу. Қарсыласпен байланыс. Ұрыс жүргізудің тактикалық тәсілдері.

Грамматика: "The sections were advancing down the forward slope when they came under MG fire".

4-бөлім. Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы

Пән мақсаты.

"Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні тарихи тәжірибені жеткізуге, тарихи сананы, мәдениетті, салт-дәстүрлерді, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыруға; тарихи процестердің жалпы мазмұнын зерделеуге және Қазақстан аумағында ежелгі уақыттан бастап осы күнге дейін болып жатқан тарихи оқиғалардың негізгі үрдістерін бөлуге; мемлекеттік тәуелсіздікті алу, қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың мемлекеттік-құқықтық жүйесінің пайда болуы мен даму кезеңдерін, сыртқы саясат мазмұнын және Қарулы Күштердің бейбітшілікті сақтаудағы ролін зерделеуге арналған.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Қазіргі заманғы Қазақстан тарихының басты және жалпы тарихи процестерін зерделеу; басқа мемлекеттермен өзара іс-қимылда Қазақ хандығы құрылған сәттен бастап осы уақытқа дейін Қазақстан аумағында болған тарихи оқиғаларды көрсету.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) білім алушыларға тәуелсіздікті оның жүйелілігі, елдегі және басқа мемлекеттердегі, Қарулы Күштердегі өзара байланысы мен негізділігі бойынша алудың негізгі кезеңдері бойынша білім беру;

2) білім алушыларда қазіргі заманғы процестерге қатыстылығын және кәсіби қызметін одан әрі табысты іске асыру үшін тарихи ойлау маңыздылығын түсінуді қалыптастыру;

3) Қазақстанның сыртқы саясатының қазіргі заманғы кезеңдегі мәнін және мазмұнын түсіну;

4) өздігінен білім алуға қажеттілікті, Қазақстанның батырлық тарихының үздік үлгілері, көп ғасырлық ұлттық қағидалар мен салт-дәстүрлер негізінде күрделі және әртүрлі тарихи құбылыстарды дербес талдау және бағалау қабілетін дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының біліктілігі:

1) қазіргі заманғы қоғам мен әскери саладағы проблемаларды объективті түсінуді пысықтау үшін қажетті өткен тарихтың нақты фактілерін, құбылыстарын синтездеу және жинақтау саласындағы білімнің жоғары деңгейі;

2) тәуелсіз егеменді мемлекеттің қалыптасуының, қазіргі заманғы мемлекеттің әлеуметтік құрылысы мен саяси жүйесінің негізгі кезеңдерін білу;

3) жалпыәлемдік қоғамдастықта, қазіргі заманғы өркениет жүйесінде, Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени қоғамдастығын дамытуда қазақ халқының ролін және орнын түсіну;

4) тарихи оқиғалар мен қазіргі заманғы фактілер аясында дүниетаным мен ділді қалыптастыру;

5) Қазақстан армиясының қоғамдағы, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін түсіну.

#### Пәннің тақырыптық жоспары

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Қазақстан XX ғасырдың басында – 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан бастап Жаңа экономикалық саясатқа дейін.
2.	2-тақырып. Қазақстандағы кеңестік режим: индустрияландырудан бастап жеке басқа табынушылықты әшкерлеуге дейін.
3.	3-тақырып. 1955 – 1989 жылдардағы кеңестік Қазақстан дамуының қайшылықтары: тыңнан бастап "қайта құру" бағдарламасының дағдарысына дейін.
4.	4-тақырып. Қазақстанның қазіргі заманғы кезеңдегі қоғамдық-саяси және экономикалық дамуы: 1991 жылдан бастап қазіргі күнге дейін.

#### Пән мазмұны

1-тақырып. Қазақстан XX ғасырдың басында – 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан бастап Жаңа экономикалық саясатқа дейін

Қазақстан XX ғасырдың басында. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Ақпан революциясы. Қос өкімет. Алаш. Қазан революциясы. Кеңес өкіметінің орнатылуы. Қазақстандағы азаматтық соғыс. "Әскери коммунизм" жылдары Қазақстан Қырғыз (Қазақ) Автономды Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы.

1921 жылғы жер-су реформасы. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. 1921 – 1922 жылдардағы ашаршылық.

2-тақырып. Қазақстандағы кеңестік режим: индустрияландырудан бастап жеке басқа табынушылықты әшкерлеуге дейін

Қазақстан индустрияландыру кезеңінде. Қазақстандағы ұжымдастыру.

Қазақстандағы 1930 – 1932 жылдардағы ашаршылық. 1930 жылы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмір. ҚазАКСР-ның Одақтық Республика болып қайта құрылуы.

Қазақстандағы білім беру. Сауатсыздықты жою, жоғары білімнің дамуы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан. Қазақстандықтар – Ұлы Отан соғысына

катысушылар. Қазақстанның бауырлас Республикаларға көмек көрсетуі. 1946 – 1950 жылдары төртінші бесжылдық жылдарындағы өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының дамуы.

3-тақырып. 1955 – 1989 жылдары кеңестік Қазақстанның дамуындағы қайшылықтар: тыңнан бастап "қайта құру" бағдарламасының дағдарысына дейін

Тыңды көтеру. 1950 – 1960 жылдардағы өнеркәсіптік даму. 1940 жылдың екінші жартысынан бастап 1960 жылдың ортасына дейін Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі. 1970 – 1980 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму. 1960 – 1980 жылдар ортасындағы қоғамдық-саяси өмір. Қайта құру кезеңіндегі Қазақстан. 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары және оларды саяси бағалау. 1991 жылғы тамыз төңкерісі. КСРО-ның ыдырауы. Мемлекеттік тәуелсіздікті алу. Қазақстан – ядролық қарудан бос аймақ.

4-тақырып. Қазақстанның қазіргі заманғы кезеңдегі қоғамдық-саяси және экономикалық дамуы

1990 жыл басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Қазақстан Конституциясы. Президент. Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі. Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздіктің қалыптасуына қосқан үлесі. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты. Қазіргі заманғы кезеңде Қазақстан Республикасының дамуы. "Қазақстан – 2030" стратегиялық даму бағдарламасы. Қазақстан Республикасының жаңа даму кезеңі – Қазақстанның анағұрлым бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы. Жоғарғы Бас қолбасшының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуындағы ролі. Қазақстан Республикасындағы ғылым мен білім. Қазақстан Республикасындағы әскери білімнің дамуы. Қазақстандағы ұлттық-демографиялық процестер. Қазақстан халықтарының ассамблеясы. Мәдени саладағы мемлекет қызметінің негізгі басымдықтары.

"Мәңгілік ел" ұлттық идеясының мазмұны мен маңызы. "Мәңгілік ел" – ежелгі түріктер мұрасы. "Мәңгілік ел" – ата-бабалар мұрасына айналған қазақ халқының тарих арқылы жеткен арманы. "Мәңгілік ел" идеясының негіздері: тарихи сабақтастық, қазақ мәдениеті, бостандықты сүюшілік, бірлік, мықты мемлекет, биік мақсаттар, ұлы болашақ. "Мәңгілік елдің" негізгі кезеңдері: мемлекеттің жаңаруы және халықтың бірігуі. Ұлттық мемлекеттің қалыптасуы үшін күрес, ұлт жанашырларының ауыртпалықтары. "Мәңгілік елдің" жеті негізгі құндылығы:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Нұр-Сұлтан.
2. Ұлттық бірлік, біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және биік руханилық.
4. Индустрияландыру мен инновациялар негізінде экономикалық арту.

5. Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы.

6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

7. Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстан Республикасының жалпыәлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық қатысуы.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы және оның кіші бағдарламалары: "Тәрбие және білім", "Атамекен", "Рухани қазына", "Ақпарат толқыны". Таяу жылдарға арналған міндеттер: латын әліпбиіне көшу қисыны. "Жаңа гуманитарлық білім". "Қазақ тіліндегі 100 оқулық" жобасының маңызы. "Туған жер" бағдарламасын іске асыру. "Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасын іске асырудың маңызы.

5-бөлім. Дене шынықтыру дайындығы

Пән мақсаты.

Денені шынықтыруды дамыту және қазіргі заманғы ұрыс жағдайларында ұзақ дене жүктемелеріне төзе білу қабілетіне ие болу.

Батылдыққа, табандылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, кеудені дұрыс ұстау мен саптық жинақылықты қалыптастыру, бағынысты жеке құраммен сабақтар мен таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуын, спорттық жұмысты жүргізуде дағдыларға ие болу.

Пәнді оқыту мақсаттары мен міндеттері.

"Дене шынықтыру дайындығы" пәнін оқыту мақсаты әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) дене бітімінің қасиеттерін (төзімділік, күш, жылдамдық, ептілік) дамыту және жетілдіру;

2) қиылысқан жергілікті жерде жүруде, табиғи және жасанды кедергілерден жаяу тәртіппен және шаңғымен өтуде, жекпе-жек күресте және әскери-қолданбалы жүзуде әскери-қолданбалы дағдыларды қалыптастыру;

3) бұлшықеттің сезімталдығын және қозғалыс үйлесімділігін, негізгі жұмыспен бірге қосымша жұмысты орындау қабілетін дамыту, қызмет құрылымын жылдам өзгерту қабілетін дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының біліктілігі.

Пәнді оқыту нәтижесінде кадеттер:

1) дене шынықтыру дайындығының мазмұнын, нысандары мен әдістерін;

2) сабақ өткізу кезінде жарақаттанудың алдын алу шараларын;

3) дене шынықтыру дайындығының мақсаты мен міндеттерін;

4) дене шынықтыру дайындығы және бұқаралық спорттық жұмыс жүйесін;

5) әскери-спорт кешенін күтіп-ұстауды, дене шынықтыру дайындығы бойынша бағдарламалық жаттығулардың нормативтік талаптарын;

6) жеке дене шынықтыру дайындығының мазмұны мен әдістемесін;

7) әскери-спорттық жарыстар қағидаларының мазмұнын;

8) дене шынықтыру дайындығы жөніндегі басшылық құжаттардың талаптарын;

9) Әскери-спорт кешені және Әскери-спорт кешенінің нормативтерін орындау бойынша бөлімшемен, есептоппен, экипажбен жұмыстың мазмұнын және ұйымдастырылуын;

10) дене шынықтыру дайындығының әскери қызметшілердің жауынгерлік әзірлігін арттыруға ықпал етуін білуге тиіс.

Мыналарды:

1) дене шынықтыру дайындығы бойынша жаттығулар мен нормативтерді, Әскери-спорт кешенінің талаптары мен нормаларын орындай білуге;

2) ұзақ дене және психологиялық жүктемелерді көтере білуге;

3) төзімділікті, күшті, жылдамдық пен ептілікті дамыта және ұдайы жетілдіре алуға, осыған басқаларды үйрете білуге;

4) оқу орындарында дене шынықтыру дайындығы бойынша оқу сабақтарын және нұсқалар бойынша таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын өткізе білуге, Әскери-спорт кешенінің жаттығулары бойынша бөлімшеде жарыстар өткізе білуге;

5) бөлімшеде дене шынықтыру дайындығының барлық нысандарын өткізу үшін сабақтарға орындар дайындай білуге;

6) бағынысты әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын тексере және бағалай білуге тиіс.

Пәннің тақырыптық жоспары

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1. Теориялық дайындық	
1.	1-тақырып. Дене шынықтыру дайындығы және оның әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін арттыруға ықпал етуі
2.	2-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығы пәні және оның міндеттері
3.	3-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру
2. Практикалық даярлық	
4.	4-тақырып. Кедергілерден өту
5.	5-тақырып. Жеделдетілген қозғалыс
6.	6-тақырып. Гимнастика
7.	7-тақырып. Спорттық және іс-қимыл ойындары
8.	8-тақырып. Жекпе-жек күрес
9.	9-тақырып. Шаңғы даярлығы

10.	10-тақырып. Кешенді сабақтар
11.	11-тақырып. Жүзу
3. Әдістемелік даярлық	
12.	12-тақырып. Таңертеңгі дене шынықтыруды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
13.	13-тақырып. Оқу орнында кедергілерден өту бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі
14.	14-тақырып. Оқу орнында жекпе-жек күрестен сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі
15.	15-тақырып. Оқу орнында гимнастикадан сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі
16.	16-тақырып. Бөлімше, взвод сержанты ролінде бөлімше құрамында сабақтар өткізу практикасы
17.	17-тақырып. Бөлімшеде бұқаралық спорттық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу
18.	18-тақырып. Бөлімшенің, взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау
19.	19-тақырып. Кешенді сабақ өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі

## Пән мазмұны

### 1. Теориялық дайындық

1-тақырып. Дене шынықтыру дайындығы және оның әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін арттыруға ықпал етуі

Дене шынықтыру дайындығы жүйесі. Дене шынықтыру дайындығының мақсаты, міндеттері және мазмұны. Дене шынықтыру дайындығы әдістемесінің жалпы негіздерін сипаттау. Әскери қызметшілердің дене бітімінің қасиеттері, оларды дамыту және жетілдіру. Қателерді жою және жарақаттанудан сақтандыру шаралары.

2-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығы пәні және міндеттері

Дене шынықтыру дайындығы пәні және міндеттері

Дене шынықтыру дайындығын жүргізудің негізгі нысандары мен әдістемесі

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық санаттағы әскери қызметшілерінің дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлеріндегі дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері

3-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру

Дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі негізгі іс-шаралар. Әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.



Әдістемелік дайындықты тексеру және бағалау. Дене шынықтыру дайындығына басшылық жасау, оны ұйымдастыру, қамтамасыз ету және жүргізу сапасын тексеру және бағалау. Бөлімшенің, әскери бөлімнің (мекеменің) дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.

## 2. Практикалық даярлық

### 4-тақырып. Кедергілерден өту

Жүру, жүгіру және іс-қимылдағы жаттығулар. Тірекпен және тірексіз секіру, тереңдікке секіру, секіріп түсу, биіктікте және тар өтетін жерлерде тар тірек бойымен қозғалу, граната лақтыру, арнайы тәсілдер мен іс-қимылдар. Кедергілерден өтуге жаттығу және техникасын жетілдіру.

### 5-тақырып. Жеделдетілген қозғалыс

Қысқа, орташа және ұзақ қашықтыққа жүгіру техникасы. Граната лақтыру техникасы. Қиылысқан жергілікті жерде жүгіру техникасы. Қашықтыққа жүгіру. Қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіруді жетілдіру. Бөлімше құрамында қашықтыққа жүгіру.

### 6-тақырып. Гимнастика

Ептілікті, күшті, күштік төзімділікті, икемділікті, тербеліс пен артық жүктемелерге төзімділікті, кеңістікке бейімділікті дамыту, батылдық пен табандылыққа тәрбиелеу, кеудені дұрыс ұстауды, саптық жинақылықты және ықшамдылықты жетілдіру. Саптық тәсілдер. Жүру, жүгіру және қозғалыстағы жаттығулар, жалпы дамытатын жаттығулар, еркін жаттығулар кешендері. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Гимнастикалық снарядтарда жаттығуларды орындау техникасын жетілдіру.

### 7-тақырып. Спорттық және іс-қимыл ойындары

5.	5-тақырып. Жедел қозғалу
6.	6-тақырып. Гимнастика

7.	7-тақырып. Спорттық және кимылды ойындар
8.	8-тақырып. Жекпе-жек күрес
9.	9-тақырып. Шаңғыда дайындық
10.	10-тақырып. Кешенді сабақтар
11.	11-тақырып. Жүзу
3. Әдістемелік дайындық	
12.	12-тақырып. Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
13.	13-тақырып. Оқу орнында кедергілерден өту бойынша сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
14.	14-тақырып. Оқу орнында жекпе-жек күрестен сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
15.	15-тақырып. Оқу орнында гимнастикадан сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
16.	16-тақырып. Бөлімше құрамында бөлімше, взвод сержанты ролінде сабақ өткізудегі практика
17.	17-тақырып. Бөлімшеде спорттық-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру және өткізу
18.	18-тақырып. Бөлімшенің, взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау
19.	19-тақырып. Кешенді сабақтар ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

## Пән мазмұны

### 1. Теориялық дайындық

1-тақырып. Дене шынықтыру дайындығы және оның әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін арттыруға ықпалы

Дене шынықтыру дайындығының жүйесі. Дене шынықтыру дайындығының мақсаты, міндеттері және мазмұны. Дене шынықтыру дайындығының әдістемесі жалпы негіздерінің сипаттамасы. Әскери қызметшілердің дене шынықтыру қасиеттері, оларды дамыту және жетілдіру. Қателерді жою және жарақаттанудың алдын алу жөніндегі шаралар.

2-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығының пәні мен міндеттері.

Дене шынықтыру дайындығының пәні мен міндеттері. Дене шынықтыруды дайындығын жүргізудің негізгі түрлері мен әдістемелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық санаттағы әскери қызметшілері дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлеріндегі дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру

Дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі негізгі іс-шаралар. Әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау. Әдістемелік даярлықты тексеру және бағалау. Дене шынықтыру дайындығын басқаруды, ұйымдастыруды, қамтамасыз ету мен өткізуді тексеру және сапасын бағалау. Бөлімшенің, әскери бөлімнің (мекеменің) дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.

## 2. Практикалық дайындық

### 4-тақырып. Кедергілерден өту

Жүру, жүгіру және қозғалыстағы жаттығулар. Тіреусіз және тіреумен секіру, тереңдікке секіру, өрмелеу, биіктікте тар тірекпен және тар өтпелерде жүріп өту, граната лақтыру, арнайы амалдар мен іс-қимылдар. Кедергілерден өту техникасына жаттықтыру және жетілдіру.

### 5-тақырып. Жедел қозғалу

Қысқа, орташа және ұзақ қашықтыққа жүгіру техникасы. Граната лақтыру техникасы. Ойлы-қырлы жергілікті жерде жүгіру техникасы. Марш-бросок. Қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіруді жетілдіру. Бөлімше құрамында марш-бросок.

### 6-тақырып. Гимнастика

Ептілікті, күшті, күш төзімділігін, икемділікті, тербеліс пен шамадан тыс жүктемелерге төзімділікті, кеңістіктікте бағдар алуды дамыту, батылдық пен табандылықты тәрбиелеу, денені ұстау қалпын, саптық бой түзеу мен жинақылықты жетілдіру. Саптық тамалдар. Жаяу жүру, жүгіру және қозғалыстағы жаттығулар, жалпы дамыту жаттығулары, еркін жаттығулар кешені. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Гимнастикалық снарядтарда жаттығуларды орындау техникасын жетілдіру.

### 7-тақырып. Спорттық және қимылды ойындар

Жарыс қағидаларын, допты қолдану техникасын, футбол, волейбол және баскетбол ойнау тактикасын зерделеу. Жеңілдетілген қағидалар бойынша практикалық жаттықтырулар мен екі жақты ойындар.

### 8-тақырып. Жекпе-жек күрес

Күреске дайындық. Әртүрлі тәсілдермен жүру, өзін-өзі сақтандыру амалдары. Автоматпен, пышақпен және жаяу әскер күрегімен күресу амалдары. Қолмен, аяқпен соққы беру және олардан қорғану. Ауырту амалдары. Лақтыру. Тұншықтыру. Қарусыздандыру және қармаудан шығу амалдары. Амалдарды топтық, ағындық әдіспен және оқу-жаттығу айқасу түрінде орындаудағы дағдыларды жаттықтыру және жетілдіру.

### 9-тақырып. Шаңғыда дайындық

Шаңғымен және шаңғыда жүру дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, төзімділікті дамыту, жігерлік қасиеттерді тәрбиелеу, организмді шынықтыру.

Шаңғымен және шаңғыда жасалатын саптық амалдарға оқытып-үйрету, шаңғыда жүру тәсілдерін зерделеу. Тауға көтерілу және түсу тәсілдерін зерделеу және жетілдіру. Шаңғымен және шаңғыда жүрімен жауынгерлік амалдар дағдыларын жетілдіру, сүйреу тәсілдері. 5 километрге шаңғы жарысы жаттығуын орындау техникасын жетілдіру.

#### 10-тақырып. Кешенді сабақтар

Кешенді сабақтарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі. Жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындығын дамытуға бағытталған көпаралықты снарядтарда, күштік тренажерларда, жекпе-жек күрес алаңында және кедергілер жолағында жаттығуларды, амалдар мен іс-қимылдарды орындауда жаттығу. Дене шынықтыру, психологиялық қасиеттерін және әскери-қолданбалы дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларды орындауда жаттығу.

#### 11-тақырып. Жүзу

Әскери-қолданбалы жүзудің арналуы, сабақтарды өткізу тәртібі. Қауіпсіздік шаралары. Гигиена негіздері. Әр түрлі тәсілдермен жүзу техникасы, бастау, бұрылу, қол, аяқ қозғалысы мен тыныс алуды үйлестіру (құрлықта және суда). Әскери-қолданбалы жүзу: бөренемен, тақтаймен, автомат макетімен.

#### 3. Әдістемелік дайындық

12-тақырып. Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларының міндеттері, мақсаттары, мазмұны, киім нысаны. Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуын өткізу әдістемесі.

13-тақырып. Оқу орнында кедергілерден өту бойынша сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Басшы мен білім алушыларды сабақ өткізуге дайындық. Кедергілерден өту жөніндегі командалар және оларды сабақтарда беру. Жарақаттанудың алдын алу. Кедергілерден өту жөніндегі сабақтың дайындық бөлігін өткізу әдістемесі. Кедергілерден өту жөніндегі сабақтарды өткізу әдістемесі.

14-тақырып. Оқу орнында жекпе-жек күрестен сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Басшы мен білім алушыларды сабақ өткізуге дайындық. Жекпе-жек күрес бойынша командалар және оларды сабақтарда беру. Жарақаттанудың алдын алу. Жекпе-жек күрес бойынша сабақтың дайындық бөлігін өткізу әдістемесі. Жекпе-жек күрес амалдарының бастапқы кешенін өткізу әдістемесі.

15-тақырып. Оқу орнында гимнастикадан сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Сабақ жетекшісін дайындау, команда беру, көмек көрсету және сақтандыру, оқу орнында сабақ өткізу кезінде жарақаттанудың алдын алу. Сабақтың

дайындық бөлігін өткізу әдістемесі және оны өткізу тәжірибесі. Көпаралықты снарядтарда жаттықтыру жүргізу әдістемесі.

16-тақырып. Бөлімше құрамында бөлімше, взвод сержанты ролінде сабақ өткізудегі практика

Взвод бөлімшесінің құрамында көпаралықты гимнастикалық снарядтарда, күштік тренажерларда (ауыр салмақтармен жаттығулар) сабақтар өткізу тәжірибесі, 3000 м-ге жүгіру.

17-тақырып. Бөлімшеде спорттық-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру және өткізу

Бөлімше құрамында әскери қызметшілердің әскери-спорт кешенінің жаттығулары және әскери-спорттық жіктеме бойынша жаттығуларын өткізу. Әскери-спорт кешенінің жаттығулары мен спорт түрлері, әскери-спорттық жіктеме бойынша бөлімшелердің біріншілігіне жарыстар дайындау және өткізу. Әскери-спорт кешенінің жаттығулары мен талаптарын есепке алу және орындау ведомостерін және жарыстардың хаттамаларын толтыру тәртібі.

18-тақырып. Бөлімшенің, взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау

Бөлімшенің, взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеруге арналған жаттығуларды айқындау. Әскери қызметшіні және бөлімшені бағалау тәртібі. Тексеру жүргізу үшін орындарды, мүкәммал мен жабдықты дайындау. Бөлімшенің, взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеру қорытындысын шығару. Бөлімшенің дене шынықтыру дайындығын тексеру нәтижелері бойынша құжаттарды ресімдеу.

19-тақырып. Кешенді сабақтар ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Дайындық бөлімі, сабақты ұйымдастыру, мақсат пен міндеттерді қою. Жаттығуларды іріктеу, оларды көрсету және орындау. Жаттығуларды орындау реттілігі. Басшының командалары, орны мен іс-қимылдары. Негізгі бөлім. Жаттығуды өткізу жоспары, жаттығуға міндеттер қою. Көмек пен сақтандыруды ұйымдастыру. Басшының орны мен іс-қимылдары. Қорытынды бөлім, командалар, жаттығуларды іріктеу, оларды орындау. Сабақты қорытындылау.

13-бөлім. Кәсіби қазақ тілі

Пән атауы

"Кәсіби қазақ тілі" пәні "Рухани жаңғыру" жалпыұлттық идеясын іске асыру шеңберінде әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды қалыптастыру мақсатында қазақ тілін үйретуге арналған.

Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері

Қазақ тілін үйрету мақсаты – білім алушыларда қазақ тілінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларды іс жүзінде қолдану мақсатында әскери терминдермен таныстыру, болашақ сержанттарды оқылған мәтінді талдай

білуге, кәсіби лексикамен, оларды өз қызметі саласында қолданумен байланысты қазақ тілінде дұрыс сөзінің қалыптасуын қамтамасыз ететін лексикалық-грамматикалық материалды пысықтауға, қазақ тілінің грамматикалық материалын салыстыруға, қызметтік-тұрмыстық мақсаттағы құжаттарды жасауға үйрету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) әңгіме жүргізу және әдебиет оқу үшін қажетті көлемдегі фонетикалық, лексикалық-грамматикалық құбылыстар;

2) арнайы, әскери, қоғамдық-саяси және тұрмыстық және әдеби лексиканы дамыту;

3) грамматикалық материал мен әскери лексиканы қамтитын оқылған мәтіннің мазмұнын қысқаша айту;

4) зерделенген тақырып шегінде қазақ тілінде әңгімелесу;

5) екіжақты аударма жүргізу;

6) әскери терминдерді түсіну және қолдану;

7) жалпыәскери терминологияны меңгеру;

8) әскери терминдер мен сөз тіркестерін меңгеру, солардың негізінде мамандық бойынша мәтіндер құру;

9) білім алушыларда қазақ тілін үйренуге ішкі ынтасын дамыту;

10) қазақ тілінде ой-пікір алмасу дағдыларын жетілдіру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының біліктіліктері

"Қазақ тілі" пәнін меңгеру нәтижесінде білім алушыларда мынадай жалпы және әскери-кәсіби дағдылар қалыптасады:

1) Біріккен Ұлттар Ұйымы, бітімгершілік күштер және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде әртүрлі елдердің қарулы күштері өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау қабілеті;

2) өз ойын қазақ тілінде ауызша және жазбаша түрде анық және уәждемелі түрде тұжырымдау қабілеті;

3) қазіргі заманғы техникалық және технологиялық инновациялармен танысу мақсатында құжаттарды оқу және аудару қабілеті;

4) ақпаратты есту арқылы қабылдау қабілеті, диалог және монолог түрінде сөйлеу дағдылары;

5) жеке және іскерлік сипаттағы хаттарды жазу кезінде ойын, сондай-ақ ақпаратты жүйелі түрде мазмұндау дағдыларын дамыту.

Пәннің тақырыптық жоспары

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан
2.	2-тақырып. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі



3.	3-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері
4.	4-тақырып. Қазақстан тарихының көрнекті адамдары
5.	5-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным
6.	6-тақырып. Танысу. Баянат. Баяндама
7.	7-тақырып. Саптық командалар. Грамматикалық минимум
8.	8-тақырып. Әскери киім нысаны
9.	9-тақырып. Жауынгерлік әзірлік
10.	10-тақырып. Спорт және дене шынықтыру
11.	11-тақырып. Әскери өнер негіздері
12.	12-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы
13.	13-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы
14.	14-тақырып. Бүркемелеу
15.	15-тақырып. Инженерлік дайындық
16.	16-тақырып. Барлау
17.	17-тақырып. Әскери топография
18.	18-тақырып. Оқ ату даярлығы
19.	19-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай қырып-жою қаруынан қорғау
20.	20-тақырып. Байланысты ұйымдастыру
21.	21-тақырып. Тарихи қару түрлері
22.	22-тақырып. Қару-жарақ пен әскери техника

Пән мазмұны.

1-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан

Қазақстанның географиялық жағдайы. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері. Нұр-Сұлтан – Қазақстанның елордасы. Қазақстан Республикасы елордасының дамуы. Алматы – Қазақстан Республикасының мәдени және өнеркәсіптік қаласы. Менің туған қалам. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелері. Қазақстан халқының салт-дәстүрлері. Оқу-кәсіби түрде сөйлеуді дамыту: сөйлемдердің негізгі функционалды-мағыналық түрлеріне қарқынды оқытып-үйрету: монолог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-пайымдау, диалог-әңгімелесу, диалог-пікірталас.

2-тақырып. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі

Тақырыпқа сәйкес мемлекеттік тіл туралы заң, бұйрықтар, жарғылармен танысу. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мемлекеттік тіл деңгейі. Тіл туралы афоризмдер, мақал-мәтелдеді жазу және айту.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері

Қарулы Күштердің құрылымы мен міндеттері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің

түрлері. Әскер тектері мен қызметтері. Әскери мамандықтардың тактикалық белгілері. Құрлық әскерлері бөлімшелерінің құрылымы. Құрлық әскерлерінің бөлімдері мен құрамалары. Әскери атақтар мен лауазымдар. Әскери бөлімше. Әскери қызметшілердің тіл қату нысандары. Құрлық әскерлері. Тактикалық белгілер. Ротаны ұйымдастыру. Құрлық әскерлерінің тектері мен әскерлер қызметтері. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін құру: әңгімелесу, сипаттама, ақпараттандыру. Функционалды аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" аббревиатурасы ( латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

4-тақырып. Қазақстан тарихының көрнекті адамдары

Н.Ә. Назарбаев, Қ. Қайсенов, С. Нұрмағамбетов, Ш. Уәлиханов, Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова және М. Мәметова және басқалар. Кәсіби әскери тақырыптарда әңгімелесу, диалог құру, пікірталас жүргізу.

5-тақырып. Әскери мамандық. Менің гарнизоным

Менің мамандығым. Мамандық. Әскери мамандық. Мамандыққа сәйкес мәтіндерді әртүрлі стильде оқу, негізгі мағынасын түсіну. Оқытылатын мамандықтың ерекшелігі (латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

6-тақырып. Танысу. Баянат. Баяндама

Сәлемдесу. Танысу. Кезекшінің баянаты. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін құру: әңгіме, сипаттама, ақпараттандыру.

7-тақырып. Саптық командалар. Грамматикалық минимум.

Саптық амалдарды қарусыз және қарумен орындау кезінде, қарауылды тарату , ауыстыру кезінде, күнделікті қызметте, ішкі қызмет атқару кезінде командаларды дұрыс қолдану. Тақырыпқа сәйкес мәтінмен жұмыс істеу дағдыларына ие болу. Саптан шығу, бастыққа келу кезіндегі командаларды меңгеру. Грамматикаға сәйкес саптық командаларды қолдану жөніндегі екінші тақырыпқа сәйкес бақылау жұмыстарын қабылдау.

8-тақырып. Әскери киім нысаны

Әскери киім нысанының түрлері және әскери атақтар тізбесі. Әскери терминдердің көмегімен сөйлем құрастыру. Әңгімелер мен диалогтарды құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмыстың жазылуын бақылау.

9-тақырып. Жауынгерлік әзірлік

Жауынгерлік әзірлік. Тактикалық даярлық. Оқ ату даярлығы. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Функционалды аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

Контртерроризм (латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

10-тақырып. Спорт және дене шынықтыру

Спорт. Спорттың ойын түрлері. Дене шынықтыру. Атақты спортшылар. Сөйлеу қызметінің айтылым сияқты түрлері бойынша спорттық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптардағы бейімделген мәтіндерді көшіріп қайталау және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, диалог және монолог түріндегі сөйлемдерді ауызша және жазбаша түрде құрастыру.

11-тақырып. Әскери өнер негіздері

Тактика әскери өнердің құрамдас бөлігі ретінде. Бөлімшелерді басқару. Жергілікті соғыстар мен қарулы жанжалдарда әскери өнердің дамуы. Ұрысты қамтамасыз ету түрлері. Функционалды аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар. Сөйлеу қызметінің түрлерін құру: әңгіме, сипаттама, ақпараттандыру. Әскерлерді жауынгерлік қолдану (латын графикасына негізделген әліпби бойынша 10 сөз).

12-тақырып. "Қорғаныс" жалпы тактикасы

Қорғаныс. Мақсаттары. Қорғаныс түрлері. Қорғаныс терминдері. Қорғаныс құрылысын айта білу. Берілген сөздердің көмегімен мәтін құрастыру.

13-тақырып. "Шабуыл" жалпы тактикасы

Шабуыл. Шабуыл түрлері. Шабуылды дайындау. Сөйлеу қызметінің айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым сияқты түрлері бойынша әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік салалар үшін өзекті тақырыптардағы бейімделген мәтіндерді көшіріп қайталау және күрделі емес прагматикалық мәтіндерді, диалог және монолог түріндегі сөйлемдерді ауызша және жазбаша түрде құрастыру.

14-тақырып. Бүркемелеу

"Камуфляж" тақырыбындағы әскери терминдермен жұмыс істеу. Бүркемелеу талаптары мен қағидалары. Сөздерді іріктеу арқылы сөйлем құрастыру, сөйлемдердің мағынасын айта білу.

15-тақырып. Инженерлік даярлық

Инженерлік бөгет түрлері. Әскери пәндермен байланыс, миналардың, гранаталардың тактикалық-техникалық сипаттамалары. Әңгімелер мен диалогтарды құрастыру кезінде кітаптардың, оқулықтардың, сөздіктердің көмегімен өзіндік жұмыстың жазылуын бақылау.

16-тақырып. Барлау

Барлауға қойылатын талаптар, әскери пәндермен байланыс. Әскери терминдердің көмегімен сөйлемдер құрастыру. Аудару.

17-тақырып. Әскери топография

Топографиялық карта. Әскери топография. Жергілікті жер бедері және оны картада көрсету. Карта мазмұнының негізгі элементтері. Карта бойынша өлшеу. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу қызметінің түрлерін құру: әңгіме, сипаттама, ақпараттандыру. Топография (латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

18-тақырып. Оқ ату даярлығы

Оқ ату түрлері. Оқ ату даярлығында қолданылатын терминдермен жұмыс істеу. Оқу-кәсіби түрде сөйлеуді дамыту, сөйлемдердің негізгі функционалды-мағыналық түрлеріне қарқынды оқытып-үйрету: монолог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-пайымдау, диалог-әңгімелесу, диалог-пікірталас. Жалпыәскери терминдер (латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

19-тақырып. Әскери қызметшілерді жаппай қырып-жою қаруынан қорғау

Әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жеке қорғаныс құралдары. Тақырып бойынша әскери терминдермен жұмыс істеу. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Сөйлеу қызметінің түрлерін құру: әңгіме, сипаттама, ақпараттандыру. Радиохимиялық және биологиялық қорғау (латын графикасына негізделген әліпби бойынша кемінде 10 сөз).

20-тақырып. Байланысты ұйымдастыру

Әскерлерді басқаруда байланыстың ролі мен орны. Қағидаттары мен тәсілдері. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру. Функционалды аспектідегі грамматикалық формалар мен құрылымдар.

21-тақырып. Тарихи қару түрлері

Қару-жарақ пен техниканың тарихи түрлерін қолдану. Қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы түрлерімен салыстыру. Тақырып бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды меңгеру.

22-тақырып. Қару-жарақ пен әскери техника

Мотоатқыштар бөлімшелері: міндеттері және қару-жарағы. Атыс қаруының, жауынгерлік машиналардың тактикалық-техникалық сипаттамалары. Қару-жарақ жаңалықтары. Взвод, рота қару-жарағы. Артиллериялық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері және қару-жарағы. Оқу-кәсіби түрде сөйлеуді дамыту: сөйлемдердің негізгі функционалды-мағыналық түрлеріне қарқынды оқытып-үйрету: монолог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-пайымдау, диалог-әңгімелесу, диалог-пікірталас.

14-бөлім. Кәсіптік шетел тілі (ағылшын тілі)

Пәннің мақсаты

"Ағылшын тілі" пәні – кәсіптік білім беру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында білім беру кеңістігінің бірлігін қамтамасыз етуге,

білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген ағылшын тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттыруға және тұрмыстық, мәдени-кәсіптік және ғылыми қызметтің әртүрлі саласындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін, сондай-ақ одан әрі өз бетінше білім алу үшін қажетті және жеткілікті деңгейдегі коммуникативтік біліктілікті меңгеруге арналған.

#### Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері

Пәнді оқыту мақсаты кейіннен кәсіби қызметте қолдану үшін қажетті ағылшын тілі саласындағы тиісті дайындықты және білім мен дағды деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

#### Пәнді оқыту міндеттері

1) айтылымда, тыңдалымда, оқылымда және жазылымда коммуникативтік дағдыны дамыту және жетілдіру;

2) ұсынылған тақырыптарға сәйкес жаңа тілдік құралдарды жүйелеу және меңгеру;

3) ағылшын тілін меңгеру бойынша оқу жұмысын жетілдіруге мүмкіндік беретін жалпы және арнайы оқу дағдыларын дамыту.

#### Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының біліктілігі:

1) тілдік, сөйлеу, лингвистикалық елтанымдық және әлеуметтік-лингвистикалық біліктілікті қамтитын коммуникативтік біліктілік. Осы біліктілік оқу, күнделікті, кәсіби салаларда шет тілде қарым-қатынас жасау үшін қажет және шет тілдер саласында білім алушылардың әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығын айқындайды;

2) кадеттердің шетелдік және жалпыадамзаттық мәдениеттің ерекшеліктеріне қатысты мәселелер шеңберін зерделеуін болжайтын және кадеттерге мәдениет диалогына қосылуға мүмкіндік беретін жалпы мәдени біліктілік;

3) кадеттерде шет тілде қарым-қатынас жасау жағдайында әртүрлі кәсіби салада бейімделу және өнімді қызмет ету үшін қажетті білімнің, шеберліктің, қабілеттіліктің болуын болжайтын оқу-танымдық біліктілік;

4) теңгермелік біліктілік, кадеттерге шет тіліндегі білімінің, дағдысы мен қабілетінің тапшылығын жеңу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді;

5) кадеттердің интеллектуалдық-жеке тұлғалық құзыреті, ағылшын тілін дербес және үздіксіз үйрену, одан әрі өз бетінше білім алу және оны білімнің басқа саласында пайдалану, болашақ мамандығына қатысты кадеттердің өзін-өзі анықтау қабілетін дамыту және тәрбиелеу.

#### Пәннің тақырыптық жоспары

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Танысу
2.	2-тақырып. Менің отбасым

3.	3-тақырып. Мамандық. Жұмыс.
4.	4-тақырып. Бос уақыт
5.	5-тақырып. Менің үйім
6.	6-тақырып. Ұнататын ісім. Хобби.
7.	7-тақырып. Ұлыбритания және оқытылатын тілдің басқа да елдері
8.	8-тақырып. Ұлттық тағамдар. Тамақ және сусындар.
9.	9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан
10.	10-тақырып. Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы
11.	11-тақырып. Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі
12.	12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері
13.	13-тақырып. Әскери өнер негіздері
14.	14-тақырып. Бөлімшенің оқу-жаттығуларды өткізу жағдайындағы іс-қимылдары
15.	15-тақырып. Полигон және оны қамтамасыз ету
16.	16-тақырып. Атыс қаруы және оны қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары
17.	17-тақырып. Армиядағы спорт және дене шынықтыру
18.	18-тақырып. Шетел әскерлерінің қару-жарағы мен әскери техникасы
19.	19-тақырып. Далалық жағдайларда төзімділік
20.	20-тақырып. Уақытты бөлу және күнделікті тәртіп. Күн тәртібі.
21.	21-тақырып. Әскери топография
22.	22-тақырып. Әскери тұтқындар және олармен сөйлесу
23.	23-тақырып. Армиядағы мансап
24.	24-тақырып. Жалпы тактика. Қорғаныс.
25.	25-тақырып. Жалпы тактика. Оқ ату және маневр жасау.
26.	26-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылын бағалау.
27.	27-тақырып. Жалпы тактика. Шабуыл.
28.	28-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыстағы бөлімшенің міндеттері және оларды орындау. Қорытындылау.
29.	29-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыста әрекет ету. Қарсыласпен байланыс.

### Пәннің мазмұны

#### 1-тақырып. Танысу

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Сәлемдесу. Танысу. Кезекшінің баянаты. Әліпби. Оқу ережелері (1, 2, 3, 4-ші оқу түрлері), жіктеу және тәуелдік

есімдіктер. Грамматика: "to be" етістігі, зат есімнің тәуелденіп септелуі, сан есім, көпше түрдің жасалуы.

2-тақырып. Менің отбасым

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Отбасы. Туыстар. Достар. "To be" етістігін жіктеу. Сан есім. Апта күндерін жүргізу және бекіту; әріптер мен дыбыстар (транскрипциямен жұмыс); орфография.

3-тақырып. Мамандық. Жұмыс.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Кәсіп. Мамандықтар. Сұраулы сөздер. Грамматика: "Present Simple Tense". Болымды форма.

4-тақырып. Бос уақыт

Уақыт. Күн тәртібі. Сан есім. Грамматика: "Present Simple Tense". Сұраулы және болымсыз формалар.

5-тақырып. Менің үйім

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Менің үйім, пәтердің, бөлмелердің сипаттамасы. "There is/there are" сөз орамы; "some/any" қолдану; "on, in, at" предлогтарын қолдану. Үйді/пәтерді сипаттау үшін орын предлогтары.

6-тақырып. Ұнататын ісім. Хобби.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Әуежайда. Грамматика: "can/can not" модальды етістігін және "was/were" етістіктерін қолдану.

7-тақырып. Ұлыбритания және оқытылатын тілдің басқа да елдері

Тақырып бойынша жаңа лексикалық материалды енгізу. Ұлыбританияның географиялық орналасуы. Лондон. Грамматика: "Past Simple Tense" – 1. Болымды форма. Грамматика: "Past Simple Tense" – 2. Сұраулы және болымсыз формалар. Дұрыс және бұрыс етістіктер.

8-тақырып. Ұлттық тағамдар. Тамақ және сусындар.

Тақырып бойынша жаңа лексикалық материалды енгізу. Грамматика: санды анықтау: саналатын және саналамайтын зат есімдер: "How much/how many".

9-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Менің Отаным – Қазақстан. Елдің географиялық орналасуы, климаты, халқы. Тұңғыш Президент және мемлекеттік құрылым. Елдің көрікті жерлері мен мәдени мұрасы.

10-тақырып. Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қалалар және оның көрікті жерлері. Грамматика: бір буынды және көп буынды сын есімдер және олардың салыстырмалы шырайлары.

11-тақырып. Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі

Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымы мен құрылысы. Ұйымның қызметі. Грамматика: "shall/will" келер шағы. "be + going + to" грамматикалық сөз орамы.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қарулы Күштердің түрлері. Әскер тектері мен қызметтері. Нысанды киім-кешегі. Мотоатқыштар бөлімшесінің жабдығы мен керек-жарағы. Грамматика: жіктеу және тәуелдік есімдіктері және оларды қолдану.

13-тақырып. Әскери өнер негіздер.

Қарулы жанжалдардағы әскери өнердің дамуы. Барлау. Мотоатқыштар бөлімшелерінің құрылымы, міндеттері және қару-жарағы. Грамматика: "Present Continuous Tense" ауыспалы осы шақ және оны қолдану.

14-тақырып. Бөлімшенің оқу-жаттығуларды өткізу жағдайындағы іс-қимылдары

Оқу-жаттығуларды өткізу жағдайларындағы бөлімшелердің іс-қимылдары. Оқу-жаттығулардағы бригада. Грамматика: орын предлогтары және оларды қолдану.

15-тақырып. Полигон және оны қамтамасыз ету

Бөлімшелердің Далалық шығуларды өткізу жағдайларындағы міндеттері мен іс-қимылдары. Полигондағы бөлімшенің күн тәртібі. Грамматика: уақыт предлогтары: "at, on, until, from" және оларды қолдану.

16-тақырып. Атыс қаруы және оны қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

Атыс қаруының тактикалық-техникалық сипаттамалары және оны қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Грамматика: "this, these, that, those" сілтеу есімдіктері және оларды қолдану.

17-тақырып. Армиядағы спорт және дене шынықтыру.

Армиядағы спорт және дене шынықтыру. Шығармашылық жұмыс. Грамматика: қозғалыс предлогтары және оларды қолдану.

18-тақырып. Шетел әскерлерінің қару-жарағы мен әскери техникасы

Жауынгерлік машиналардың тактикалық-техникалық сипаттамалары. Жаңа қару-жарақ. Броньды транспортер. Жауынгерлік жаяу әскер машинасы. Шетел әскерлерінің қару-жарағы мен әскери техникасы. Грамматика: "What has it got? or What does it have?", "It has got a 120 mil gun. What can it do? It can travel across country. A modern tank is more powerful than an older one" бойынша білімін өзектілендіру.

19-тақырып. Далалық жағдайдағы төзімділік

Бөлімшелердің жауынгерлік жағдайға жақын жағдайдағы міндеттері мен әрекет етуі. Шығармашылық жұмыс. Грамматика: "He is using his poncho to make a shelter". "He is covering the injury with a dressing. Move quietly" бойынша білімін өзектілендіру.

20-тақырып. Уақытты бөлу және күнделікті тәртіп. Күн тәртібі.



Жаңа лексикалық материалды енгізу. Күн тәртібі. Грамматика: "Did you prepare your room? He did not straighten out the mat" бойынша білімін өзектілендіру.

#### 21-тақырып. Әскери топография

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Топографиялық карта. Әскери топография. Жер бедері және оның картадағы бейнесі. Оқу-жаттығуларды өткізу кезінде құбылнамамен жұмыс істеу. Грамматика: "You will move by day and by night. You are to draw combat rations from the stores" бойынша білімін өзектілендіру.

#### 22-тақырып. Әскери тұтқындар және олармен сөйлесу

Жаңа лексиканы жүргізу. Әскери тұтқындармен сөйлесу. Әскери тұтқыннан жауап алу. Грамматика: "can, may, must" модальды етістіктері, олардың негізгілері және қолданылуы.

#### 23-тақырып. Армиядағы мансап

Армиядағы мансап. Әскери қызметшілердің бос уақыты мен тұрмысы. Шығармашылық жұмыс. Грамматика: "Present Perfect Tense" (1) және оны қолдану.

#### 24-тақырып. Жалпы тактика. Қорғаныс.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Қорғаныс. Қорғаныс түрлері. Бөлімшенің қорғаныста әрекет етуі. Грамматика: "Present Perfect Tense" (2) және оны қолдану.

#### 25-тақырып. Жалпы тактика. Оқ ату және маневр жасау.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Ұрыс жүргізудің тактикалық тәсілдері. Маневрлерді жүргізу кезіндегі жеке құрамның жеке жауынгерлік дағдылары. Грамматика: "This is what have to do. You must know what to do" бойынша білімін өзектілендіру.

#### 26-тақырып. Жалпы тактика. Бөлімшенің ұрыстағы іс-қимылын бағалау.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Бөлімшенің ұрыста әрекет етуі. Бөлімшенің қойылған міндеттерді орындауы және оларды бағалау. Грамматика: "What do you plan to do? What is your aim? What will the gun group do?" ағылшын тіліндегі арнайы сұрақтар.

#### 27-тақырып. Жалпы тактика. Шабуыл.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Шабуыл. Шабуыл түрлері. Шабуылды дайындау. Тактикалық әдістер. Грамматика: "What did the rifle group do? They crawled along the ditch" бойынша білімдерін өзектілендіру.

28-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыстағы бөлімшенің міндеттері және оларды орындау. Қорытындылау.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Ұрыстағы бөлімшенің әрекет етуі. Бөлімшенің ұрыстағы әрекет етуін талдау және қорытындылау. Грамматика: төл

сөз және төлеу сөз. "I told you to move quickly. You were told not to make a lot of noise".

29-тақырып. Жалпы тактика. Ұрыста әрекет ету. Қарсыласпен байланыс.

Жаңа лексикалық материалды енгізу. Бөлімшенің ұрыста әрекет етуі. Ұрыс жүргізу. Қарсыласпен байланыс. Ұрысты жүргізудің тактикалық тәсілдері. Грамматика: "The sections were advancing down the forward slope when they came under MG fire".

15-бөлім. Қазіргі Қазақстан тарихы

Пәннің мақсаты

"Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні тарихи тәжірибені жеткізу, тарихи сананы, мәдениетті, дәстүрлерді, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру; тарихи процестердің жалпы мазмұнын зерделеу және ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін Қазақстан аумағында болып жатқан тарихи оқиғалардың негізгі үрдістерін айқындау; мемлекеттік тәуелсіздік алу кезеңдерін, қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың мемлекеттік-құқықтық жүйесінің пайда болуы мен дамуын, сыртқы саясат мазмұнын және Қарулы Күштердің бейбітшілікті сақтаудағы ролін зерделеу үшін арналған.

Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері.

Қазіргі заманғы Қазақстан тарихын зерделеудің негізгі мақсаты қазіргі заманғы Қазақстан тарихының басты және жалпы тарихи процестерін зерделеу; басқа мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақ хандығы құрылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан аумағында болған тарихи оқиғаларды көрсету.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) білім алушыларға тәуелсіздік алудың негізгі кезеңдері, олардың жүйелілігі, елдегі және басқа мемлекеттердегі, Қарулы Күштердегі өзара байланыс және байланыстылық туралы білім беру;

2) білім алушыларда қазіргі заманғы процестерге қатыстылық сезімін қалыптастыру және одан әрі кәсіби қызметті табысты іске асыру үшін тарихи ойлау мәнін түсіну;

3) қазіргі кезеңде Қазақстанның сыртқы саясатының маңызы мен мазмұнын түсіну;

4) Қазақстанның батырлық тарихының, көпғасырлық ұлттық негіздер мен дәстүрлердің үздік үлгілері негізінде өз бетінше білім алу қажеттілігін, күрделі және алуан түрлі тарихи құбылыстарды дербес талдау және бағалау қабілетін дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының біліктілігі:

1) қазіргі қоғам мен әскери саланың проблемаларын объективті түрде түсінуді дайындау үшін қажетті нақты фактілерді, өткен тарихи құбылыстарды синтездеу және жинақтау саласындағы білімнің жоғары деңгейі;

2) тәуелсіз егемен мемлекеттің қалыптасуының негізгі кезеңдерін, қазіргі мемлекеттің әлеуметтік құрылымы мен саяси жүйесін білу;

3) қазақ халқының жалпы әлемдік қауымдастықтағы, қазіргі өркениет жүйесіндегі, Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени қоғамдастығының дамуындағы ролі мен орнын түсіну;

4) қазіргі заманның тарихи оқиғалары мен фактілерінің призмасы арқылы дүниетаным мен менталитетті қалыптастыру;

5) Қазақстан армиясының қоғамдағы, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін түсіну.

#### Пәннің тақырыптық жоспары

P/c №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1. Отандық тарихты зерделеудің тұжырымдамалық негіздері	
1.	1-тақырып. Қазақ мемлекеттілігінің бастауы мен сабақтастығы
2. Қазақстан тәуелсіздік жолында: даму кезеңдері және ұлттық құрылыс идеялары	
2.	2-тақырып. Қазақстанда Тәуелсіздіктің қалыптасуының алғышарттары: ұлт-азаттық көтерілістер және ұлттық мемлекет идеясының қалыптасуы
3.	3-тақырып. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық қозғалыс
3. Ұлттық-мемлекеттік құрылыстың кеңестік моделін іске асыру	
4.	4-тақырып. Кеңестік Қазақстанның қалыптасуының тарихи бастаулары: тұрғылықтандырудағы қиындықтар
5.	5-тақырып. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары мен салдары
6.	6-тақырып. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан
7.	7-тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары
8.	8-тақырып. Қазақстандағы "қайта құру" саясаты
4. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық дамуы	
9.	9-тақырып. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын қалыптастыру
10.	10-тақырып. Экономикалық дамудың қазақстандық моделі
11.	11-тақырып. Этникалық-демографиялық процестер және ұлтаралық келісімді нығайту

12.	12-тақырып. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірі мен ішкі саясаты
13.	13-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру. Жоғарғы Бас қолбасшының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қалыптастырудағы ролі. Әскери білім.
14.	14-тақырып. Ұлы дала халқының жаңа тарихи санасы мен дүниетанымын қалыптастыру саясаты
15.	15-тақырып. Қазақстан – қазіргі әлем мойындаған мемлекет
16.	16-тақырып. Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы жеке тұлға
17.	17-тақырып. Болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру

## Пәннің мазмұны

### 1. Отандық тарихты зерделеудің тұжырымдамалық негіздері

#### 1-тақырып. Қазақ мемлекеттілігінің бастауы мен сабақтастығы

Қазақ мемлекеттілігінің бастауы мен сабақтастығы: ежелгі, орта ғасырлар және жаңа уақыт. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының заңдылықтары. Қазақ халқының қалыптасуының негізгі тарихи кезеңдері және оның құрамына кірген этникалық компоненттер. Қазақ хандығындағы әскери құрылым және әскери қызмет. "Ақтабан шұбырынды" XVII – XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының экономикалық жағдайы. Қазақстан мен Ресейдің жаңа заман жағдайындағы саясаты. Қосылудың алғашқы кезеңіндегі Қазақстандағы патша саясаты. Нығайтылған желілер мен қалалар құрылысы. Кіші және орта жүздерде феодалдық өзара тартыстардың күшеюі. Қазақстанның Ресейге қосылуын аяқтау.

2. Қазақстан тәуелсіздік жолында: даму кезеңдері және ұлттық құрылыс идеялары

2-тақырып. Қазақстанда Тәуелсіздіктің қалыптасуының алғышарттары: ұлт-азаттық көтерілістер және ұлттық мемлекет идеясының қалыптасуы

Қазақ халқының ұлттық қозғалысының бастауы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай. Орыс шаруаларының қазақ жерлеріне қоныс аударуын жандандыру. Қоныс аударушы әкімшіліктің қазақ халқын отырықшы өмір салтына жаппай көшіру жөніндегі іс-әрекеттері, осы мақсаттарды іске асыру әдістері. Қазақ жерінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасу ерекшеліктері және оның отарлық сипаты. XVIII – XIX ғасырлардың басындағы Қазақстандағы отарлауға қарсы ұлттық көтерілістердің мақсаттары, ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығы.

3-тақырып. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық қозғалыс

Қазақ зиялыларының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі, қызметі. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қазақ даласы. "Бұратана халықты тыл

жұмыстарына реквизициялау туралы" 1916 жылғы 25 маусымдағы Жарлық, оның халыққа қарсы мәні. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: себептері, қозғаушы күштері, барысы және негізгі кезеңдері. Қозғалыс көшбасшылары: А. Иманов, Т. Бокин, Б. Әшекеев, А. Жанбосынов, Ұ. Саурықов және басқалар. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпал ету ерекшеліктері. Қазақстандағы саяси биліктің өзгеруі. Уақытша үкіметтің жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру. Облыстық қазақ съездері және онда көтерілген мәселелер. Уақытша үкімет органдарындағы ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметі. 1917 жылғы жаздағы саяси дағдарыс. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім. Партияның бағдарламасы. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттарын сайлау, Алаш партиясының жеңісі.

### 3. Ұлттық-мемлекеттік құрылыстың кеңестік моделін іске асыру

4-тақырып. Кеңестік Қазақстанның қалыптасуының тарихи бастаулары: тұрғылықтандырудағы қиындықтары

Кеңес өкіметінің орнауы. Қазан төңкерісі және Қазақстанның саяси өмірі. Ә. Бөкейхановтың төрағалық етуімен Алаш орда үкіметінің (Халық кеңесі) құрылуы. Алаш автономиясын құру туралы шешім. Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) үкіметінің құрылуы. Қазақ өлкесі – "ақтардың" және "қызылдардың" қарсы күресі. Алаш Орда үкіметі қазақ ұлттық армиясының әрекеттері. "Соғыс коммунизмі" саясаты. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік социалистік автономиялық республикасының құрылуы – ұлттық мемлекетті құру идеясын таптық тәсіл негізіндегі мемлекетті құру идеясына ауыстыру. Қазақстандағы жер-су реформасы. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС). ЖЭС мазмұны және оны жүргізу ерекшеліктері. 1921 – 1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы құрамындағы қазақ жерлерін біріктіру.

5-тақырып. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары мен салдары

Коммунистік партияның билігі мен қоғамдық өмірге ықпалын күшейту. Ф.И. Голощекиннің "Кіші Қазан" идеясы: мәні мен салдары. Қазақстандағы индустрияландыру ерекшеліктері. Қазақ ауылын кеңестендіру саясаты – қазақтардың дәстүрлі қоғамын бұзу. Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу және оның саяси-экономикалық салдары. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын отырықшылыққа күштеп көшіру. Ұжымдастыру әдістері мен қарқыны. "Беседің хаты". Ашаршылықтың демографиялық салдары. 1930 жылдардың екінші жартысындағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығының ауыр жағдайы. Қазақ зиялыларын сталиндік репрессияға ұшырату, оның ауқымы мен салдары. Білім беру жүйесін құру. Сауатсыздықпен күрес. Ұлттық және мәдени

негіздердің бұзылуы. Ғылымның және ғылыми мекемелердің дамуы. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын құру.

6-тақырып. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан

Ұлы Отан соғысының басталуы. Кәсіпорындарды Қазақстанға эвакуациялау және оларды орналастыру. Қазақстандықтардың майдандағы іс-қимылдарға, партизан қозғалысына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының Батырлары – ата-баба ерлігін жалғастырушылар. Отан соғысы жылдарындағы тыл жұмыскерлерінің ерлігі. Ұлы Отан соғысының Қазақстан халқының соғыстан кейінгі тарихы үшін мәні. Халықтарды Қазақстанға күштеп жер аудару. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары. Соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халықтық білім.

7-тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары

Қазақстан соғыстан кейінгі жылдары. Бейбіт құрылысқа көшудегі қиындықтар. Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтар және олардың салдары. Білім мен ғылымдағы оң өзгерістер. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарын ашу. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін қалыптастыру. Қазақ Ғылым Академиясының құрылуы. И. Сталиннің "жеке басына табыну" кезеңін сынау. Мемлекет және қоғам қайраткерлерін саяси ақтау және оның "жартылай" сипатын бағалау. Н.С. Хрущевтің партиялық-мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформасы және оның үстірт сипаты. Тың және тыңайған жерлерді игерудің салдары: Теміртаудағы оқиғалар. 1965 – 1966 жылдардағы экономикалық реформалардың аяқталмауы. Экономиканы дамытудың экстенсивті жолы. Қазақстанның КСРО өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі. Экологиялық дағдарыс. Арал қасіреті. Кеңестік режимнің қорғаныс өнеркәсібі кешенін салу салдарынан қазақ халқына келтірген қасіретті зардабы: Семей ядролық сынақ полигоны (1949 – 1991 жж.). Мәдениет және ғылым. Командалық-әкімшілік басқарудың күшеюі салдары ретінде мәдени және рухани өмірдегі қайшылықтарды тереңдету.

8-тақырып. Қазақстандағы "қайта құру" саясаты

Идеологиядағы, экономикалық және саяси өмірдегі ауқымды өзгерістер. М.С. Горбачевтің реформалары. Одақтас республикалардағы жариялылық пен демократия аясындағы ұлттық жанжалдар. Экономикалық дағдарыс. КСРО командалық-әкімшілік жүйесін демократиялық әдістермен қайта құру әрекеттері. "Қайта құру" мен "жариялылықтың" ел экономикасына әсері. Одақтық басқару жүйесі кезінде жекелеген мемлекеттік кәсіпорындарды ұлттық республикаларға қайтару. Д.А. Қонаевтың Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы лауазымындағы қызметі. 1986 жылғы Алматыдағы және республиканың басқа қалаларындағы желтоқсан оқиғалары және олардың шынайы себептері. Алаш қозғалысының қайраткерлерін ресми ақтау. Жаңа қоғамдық ұйымдар мен

партияларды құру. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы. "Тіл туралы" Заңның қабылдануы және оның мәні. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 1991 жылғы тамыз төңкерісі. КОКП қызметін тоқтату. КСРО-ның ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД).

4. Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық дамуы

9-тақырып. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын қалыптастыру

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық Заң. Қазақстан Президентінің алғашқы бүкілхалықтық сайлауы. Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп қайта атау. Тәуелсіздік ұлттық және мемлекеттік құрылыстың факторы ретінде. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік даму стратегиясын айқындау. Қоғамды демократияландыру процесін күшейту. Дербес даму жолын анықтау. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Қоғамның конституциялық құрылысының негіздерін құру. Қазақстан Республикасының рәміздерін бекіту – Ту, Елтаңба, Гимн. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Заң. Егемендікті, қорғанысты, ел бірлігі мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армия құру. Президент Н.Ә. Назарбаевтың "Ұлттық валютаны енгізу туралы" Жарлығы және оның мәні. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараларын айқындау. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту. Мемлекеттік бірегейлікті дамыту, азаматтық татулық пен саяси тұрақтылықты нығайту. Бүкілхалықтық референдум, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясын қабылдау. Қазақстандағы парламентаризмнің дамуы. Биліктің негізгі үш тармағы: Президент, Парламент және Үкімет – қызметті реттейтін елдің саяси жүйесінің құрамдас бөліктері. Президенттің Қазақстан халқына бірінші Жолдауы: "Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" (1997 жылғы 16 қазан), Қазақстан Республикасы дамуының ұзақ мерзімді басым мақсаттары. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 жылғы 14 желтоқсан). ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауы (2014 жылғы 17 қаңтар).

10-тақырып. Экономикалық дамудың қазақстандық моделі

Өтпелі кезеңдегі қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, криминогендік. Олардан өту жөніндегі шаралар: экономиканы қайта құрылымдау, әлеуметтік бағдарланған нарық құру, жекешелендіру және бағаны ырықтандыру, инвестициялық саясат.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу. Қазақстан экономикасын реформалаудың бағыттары – экономиканы дамыту қағидаттары, еңбек өнімділігінің деңгейін арттыру, қазіргі заманғы технологияларды енгізу, инвестициялық, салықтық, аграрлық-индустриялық саясат, инфрақұрылымды, әсіресе көлік пен байланысты дамыту. Қазақстан экономикасын дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тарту. Президенттің "Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа" атты ел халқына Жолдауы және оның маңызы. Әлемдік экономикалық дағдарыс және одан сәтті өту шаралары. Дағдарыстан кейінгі кезеңде экономика мен қаржы секторының дамуы. Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, іске асырудың алғашқы жетістіктері. ҚР Президентінің 2011 жылғы 28 ақпандағы "Жеделдетілген экономикалық жаңғырту – Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы" атты Қазақстан халқына Жолдауы. "Қазақстан – 2020" – Стратегиялық жоспардың артықшылығы. ХХІ ғасырдағы экономиканың қазақстандық моделі. Қазақстан үшін ЭКСПО – 2017-ні өткізу маңызы. "Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол" жаңа экономикалық саясат – Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерге жауабы.

11-тақырып. Этникалық-демографиялық процестер және ұлтаралық келісімді нығайту

Республикада азаматтық татулық пен ұлттық келісімді бекіту. Қазақстандағы көші-қон, демографиялық процестер, халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер. "Нұрлы көш" бағдарламасы және отандастарымыздың оралуы. Қазақстандағы 2009 жылғы халық санағы, халықтың этникалық және әлеуметтік құрылымының өзгеруі. Біртұтас ұлт болашағының қалыптасу мәселелері. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасының заңдары: "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы", "Білім туралы", "Тіл туралы", "Мәдениет туралы". "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы". Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы. "Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы": міндеттері мен қағидаттары. Жаһанданудың қазіргі адамның санасына әсері. Ұлтаралық келісім – Қазақстан Республикасында тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың негізі. Қазақстан халқы Ассамблеясын (ҚХА) – Қазақстан халықтарының келісімі мен бірлігінің қоғамдық институтын, Президент жанындағы консультативтік және кеңесші органды құру. ҚХА бірінші сессиясы, оның шешімдері. "Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы". Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделінің бірегейлігі, Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірі мен ішкі саясаты



Әлеуметтік реформалар және әлеуметтік жаңғырту. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы. Денсаулық сақтауды, спортты және дене шынықтыруды дамыту. Қазақстан спортшыларының Олимпиада ойындарындағы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында өткен 7-ші Қысқы Азия ойындарындағы жетістіктері. Білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту. 2010 жылы Қазақстанның Болон процесіне қосылуы және Болон декларациясына қол қоюы. "Интеллектуалды ұлт – 2020" президенттік бағдарламасы және оның мәні. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру. Саяси партиялар мен партиялық жүйелерді дамыту. Қазақстан Республикасының Саяси партиялар туралы Заңы және оның маңызы. "Нұр Отан" жетекші әлеуметтік-саяси күш ретінде. Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты халыққа Жолдауы.

13-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру. Жоғарғы Бас қолбасшының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қалыптастырудағы ролі. Әскери білім.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылу тарихы. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қалыптастырудағы Жоғарғы Бас қолбасшының ролі. Бірінші Қорғаныс министрі С. Нұрмағамбетов. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылысы және жаңғырту. Қазіргі заманғы және тиімді армияны, Әскери-әуе және Әскери-теңіз күштерін құру жөніндегі шаралар. Әскери саладағы халықаралық ынтымақтастық: "ОртАзбат", "Авиадартс" батальондарының бірлескен оқу-жаттығуларына қатысу. НАТО басшылығымен терроризмге қарсы операциялар және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялар саласында тәжірибе алмасу. "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы шеңберінде өңірлік орталықтар құру. Қазақстанда әскери білім беруді дамыту.

14-тақырып. Ұлы дала халқының жаңа тарихи санасы мен дүниетанымын қалыптастыру саясаты

Отандық тарихты зерттеудің жаңа тәсілдері. Ұлттық тарихтың "ақтаңдақтарын" жою. 1997 жыл – ұлттық бірлік және жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы, іске асыру мақсаты мен негізгі бағыттары, рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету. Тарихи және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұра – фольклорды, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін құру; гуманитарлық білімнің толыққанды қорын мемлекеттік тілде құру. Президенттің "Халық тарих

толқынында" тарихи зерттеулер бағдарламасы, қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Тарихи сана негізінде патриотизмді қалыптастыру. Қазіргі Қазақстан – жаңғырған Ұлы даланың мұрагері – "Ұлы Дала елі". Ежелгі түркілердің мемлекеттілігі. Тәуелсіздік жылдарында көне түркі жазбалары мен түркі мәдениеті ескерткіштерін жан-жақты зерделеудің басталуы. Әбу Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи еңбектерін аудару және қайта басып шығару. Қазақстан Республикасы Президентінің ежелгі ұлыстар мен ордалардағы этносаяси процестерге көзқарастары. Жаңа қоғамдық ой-пікір қалыптастыру үшін қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын мерекелеу маңызы. Н.Ә. Назарбаевтың еңбектеріндегі қазақ халқының және қазақ хандығының құрылу тарихы алғышарттарының қалыптасу мәселелерін жандандыру. Қазақ хандарының мемлекеттік қызметінің тарихы бойынша жаңа зерттеулер. Қазақ халқының көшпелі мәдениетін және қазақ қоғамындағы батырлар мен билер институтын зерделеу үрдісі.

15.	15-тақырып. Электрондық технологиялар. Электрондық бизнес. Электрондық оқыту. Электрондық үкімет.
16.	16-тақырып. Автоматтандырылған жобалау жүйелері

17.	17-тақырып. Кәсіптік саладағы ақпараттық технологиялар. Өндірістік АКТ
18.	18-тақырып. Кәсіптік салада қолданбалы бағдарламаларды орнату және пайдалану
19.	19-тақырып. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің автоматтандырылған басқару жүйелері
20.	20-тақырып. АКТ даму перспективалары

### Пәннің мазмұны

1-тақырып. Қоғам дамуының негізгі секторындағы "АКТ" ролі. "АКТ" саласындағы стандарттар.

"АКТ" анықтамасы. "АКТ" пәні және оның мақсаты. Қоғам дамуының негізгі секторындағы "АКТ" ролі. "АКТ" саласындағы стандарттар. "АКТ" және Мыңжылдық декларация тұрақты дамуының мақсаттарына қол жеткізу арасындағы байланыс. Ақпарат, ақпараттық процестер және ақпараттық технологиялар ұғымы. Ақпараттың түрлері мен қасиеттері. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері. Санау жүйелері. Санау жүйелеріндегі арифметикалық іс-қимыл. Компьютердің алгебралық логикасы және логикалық негіздері. Логикалық операциялар. Дизъюнкция, конъюнкция және теріске шығару. Ақиқат кестесі.

2-тақырып. Компьютерлік жүйелерге енгізу. Компьютерлік жүйелердің сәулеті.

Компьютерлік техниканың даму тарихы. Дербес компьютердің сәулеті. Нейман аясы қағидаттары. Компьютер және оның құрамдас бөліктері. Негізгі жады: ішкі және сыртқы. Сыртқы есте сақтау құрылғылары. Перифериялық қондырғылар: деректерді енгізу және шығару құрылғылары, дыбыс ойнату құрылғылары, модем, ойын манипуляторлары, "жарық қаламұшы", дигитайзер.

3-тақырып. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер

Бағдарламалық өнімдер. Қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалар-архиваторлар, вирусқа қарсы бағдарламалар). Сығылған деректермен жұмыс. Сығылған деректердің теориялық негіздері. Архивтер диспетчерлеріне базалық талаптар. Вирустар және оның түрлері. Бүлінген және зақымданған файлдар. Компьютерлік вирустар жіктелісі. Компьютерлік вирустардан қорғаудың негізгі әдістері.

Операциялық жүйе. Даму эволюциясы. "ОЖ" негізгі ұғымдары, тұжырымдамасы. "ОЖ" жіктелісі. Дербес компьютерлер операциялық жүйелерінің функциялары. Операциялық жүйе объектісі туралы мәліметтер алу.

4-тақырып. Адам мен компьютер арасындағы өзара әрекет

Адамның компьютермен өзара әрекеті, адамдардың пайдалануы үшін интерактивті есептеу жүйелерін жобалау, бағалау және іске асыру және оларды қоршаған негізгі құбылыстарды зерделеу. Бұлтты есептеулер. Мәтіндік және

кестедегі құжаттарды құру және редакциялау бойынша практикалық дағдыларды алу. Диаграммалар мен кестелерді құру. Ақпаратты қорғау, Шартты форматтау.

#### 5-тақырып. Дерекқор жүйелері

Дерекқор және дерекқорды басқару жүйелері (ДҚБЖ). Дерекқорды жобалау. Қарапайым дерекқор құрылымы. Деректер типтері. Жолақтар қасиеті. Кестеаралық байланыс орнату. Сұрау салулар. Нәтиже кестесіндегі жазбаларды реттеу. Іріктеу шартын пайдалану. Жазбаларды сұрыптау. Нысандарды құру. Нысандар шебері арқылы нысандарды құру. Дерекқордың Конструкторлар және Диспетчерлер нысандары арқылы батырмалы нысандарды құру.

#### 6-тақырып. Деректерді талдау. Деректерді басқару.

Деректерді сақтау орындары. Дерекқорда есептерді, жиынтық кестелерді және диаграммаларды құру. ЖЕСҚ мен резервтегі есте сақтау құрылғысы арасындағы айырмашылық.

Абсолютті, салыстырмалы және аралас сілтемелер. Деректерді сұрыптау және реттеу.

#### 7-тақырып. Желілер мен телекоммуникациялар

Компьютерлік желі туралы түсінік және оның сәулеті. Жіктемесі. Жергілікті есептеу желілері. Ғаламдық есептеу желілері. Корпоративтік есептеу желісі, оның арналуы және сипаттамасы. Интернетке адрестеу жүйесі. Электрондық поштамен жұмыс. "Outlook Express" пошталық бағдарламасы. Пошталық жүйені үйде теңшеу. Іздеу технологиялары. Жергілікті желіде құжаттарға қол жетімділікті құру және жұмыс істеу. Браузерлер түрлері. Электрондық құжат айналымының даму тарихы. Электрондық үкімет. ЭҚАБЖ-да жұмыс істеу қағидаттары. "www.egov.kz." электрондық үкіметінің міндеттері мен мақсаттары. "www.egov.kz." мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бірыңғай порталындағы негізгі функциялар. "www.egov.kz." порталындағы тіркеу және жұмыс істеу қағидалары. Мемлекеттік органдарға электрондық өтініштерді беру схемасы. "Электрондық-цифрлық қолтаңба" құқығы мен мүмкіндіктері.

#### 8-тақырып. Киберқауіпсіздік

Киберқауіпсіздікке қажеттілік. Дербес деректер. Корпоративтік деректер. Қауіпсіздіктің бұзылу салдары. Киберқылмыскер профилі. Киберсоғыс ұғымы. Қауіпсіздік жүйесінің және эксплойттың осалдығы. Қауіпсіздік осалдықтарының типтері. Зиянкес БҚ типтері мен белгілері. Кіріп кету тәсілдері. Қызмет көрсетуден бас тарту. Аралас шабуыл. Құрылғылар мен желілерді қорғау. Желідегі дербес деректерді қорғау. Сенімді аутентификация. Желіаралық экрандар. Желіаралық экрандар типтері. Нақты уақыттағы шабуылдарды анықтау. Зиянкес БҚ-ны анықтау. Ақпарат қауіпсіздігі бойынша практикалық әдістемелер. Тәртіп негізіндегі киберқауіпсіздік тәсілі. Ботнет. Тәртіп негізіндегі қауіпсіздік. "NetFlow" және кибершабуылдар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету



жөніндегі іс-қимылдар алгоритмі. Инциденттерді болдырмауға және анықтауға арналған құралдар. Басып кіруді анықтау және болдырмау жүйелері.

#### 9-тақырып. Интернет-технологиялар

Интернет-технологиялар: маңызы, мүмкіндіктері, ерекшеліктері. Базалық ақпараттық технологиялар. IT-байланыстағы интернет-технологиялар және инновациялар түрлері. Интернет-технологиялар деректерді алудың қолайлы әдісі ретінде. Қазіргі замандағы интернет-технологиялардың негізгі қыры.

#### 10-тақырып. Бұлтты және мобильді технологиялар

Бұлтты технологиялар. Бұлтты сервистердің негізгі ұғымы, түрлері. Бұлтты инфрақұрылым. Бұлтты серверлер. Мобильді және бұлтты есептеулер. Мобильді технологиялар. Smart технологиялар. Білім берудегі мобильді ақпараттық технологиялар. Мобильді технологиялар біздің өмірімізді қалай өзгертті?

#### 11-тақырып. Мультимедиялық технологиялар

Мультимедиялық технологиялар түрлері, міндеттері және ролі. Қазіргі замандағы мультимедиялық технологиялар. Медиа жүйелер. Білім берудегі мультимедиа. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мультимедиа. Мультимедиялық аппаратура. Тілдер мультимедиясы. Виртуалды шындық. 3D технологиясы. Компьютерлік графика және анимациялар. Платформа мультимедиясы. Мультимедиа стандарттар.

#### 12-тақырып. Ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар және жүйелер. Ақпараттық технологиялар және байланыс. Қазіргі заманғы технологиялар және олардың түрлері. Ақпараттық технологиялардың қоғамның дамуына әсері. Ақпараттық технологиялардың қазіргі қоғамдағы ролі.

#### 13-тақырып. Бағдарламалау тілдері

Алгоритм және оның құрылысы. Алгоритмдер құрылысы: желілік, басқарушылық және циклдік. Алгоритмді ұсыну нысандары. Бағдарламалау тілдеріне шолу. Бағдарламалаудың негізгі құрылымдары. Бағдарламалау тілінің әліпбиі, резервтегі сөздер, идентификаторлар, константалар, ауыспалы және ауыспалылар типтері, сөйлемдер, деректер және олардың типтері. Бағдарлама құрылысы. Ақпаратты беру, енгізу және шығару операторы. Желілік, басқарушы және циклдік алгоритмдер бағдарламаларын ұйымдастыру. Массивтер: массивтің анықтамасы және жариялау, бір таңбалы массивтерді өңдеу. Экоплатформалар.

#### 14-тақырып. Ақылды технологиялар

Қазақстандағы және әлемдегі ақылды технологиялар. Әлеуметтік саладағы ақылды технологиялар. Болашақ қазірден басталады: "ақылды" технологиялар адамға қызмет етуде. Ақылды техника. Ақылды техника түрлері. Жасанды интеллектті дамыту. Ақылды технологиялардың экономиканың одан әрі дамуына әсері.

15-тақырып. Электрондық технологиялар. Электрондық бизнес. Электрондық оқыту. Электрондық үкімет

Ақпараттық ресурстарда қолданылатын электрондық технологиялар: электрондық құжаттар, электрондық кітапханалар, дерекқор (ДҚ), электрондық коллекциялар және басқалар. Ақпараттық ортаны қалыптастырудағы электрондық технологиялар. Электрондық бизнес және электрондық коммерция. Электрондық оқыту. Қашықтан оқыту. Білім беру платформалары мен алаңдары. Электрондық оқыту перспективасы. EGOV электрондық үкіметі. Мемлекеттік қызметтер жүйесінде тіркелу, онлайн қызметтер алу.

16-тақырып. Автоматтандырылған жобалау жүйелері

Компьютерлік математика жүйесі. Математикалық редакторлар ("MathCad" немесе соған ұқсас) туралы жалпы мәліметтер. Математикалық редакторлар терезесінің құрылысы. Формулаларды енгізу және редакциялау. Есептеу. Деректер типтері. Арифметикалық есептеулер. Берілген өзгерістер шегінде ауыстырылатындар. Қолданушы функциялары және орнатылған функциялар. Матрицалар. Матрицалармен қарапайым операциялар. Тасымалдау. Матрицаларға алгебралық есептеулер. Матрицалық функциялар. Графикалар. Екі таңбалы графикалар. Үш таңбалы графикалар. Үстіңгі графикалар, "3D" нүктелі графикалар. Дифференциалды теңдеу. Интегралдар. Математикалық редакторлардағы бағдарламалау элементтері. Объектілік-бағдарлау бағдарламалауы. Деректер легі және графикалық бағдарламалау тілі.

"LabVIEW" (не соған ұқсас) ортасы: жұмыс орнын құру. Құрал-сайман құралдары. Виртуалды аспапты құру. "Panel" сыртқы панелі. Сыртқы панельге басқару элементін қосу. "Diagram" құрылымдық схемасы. Объектілерді блок-диаграммада құру. Блок-диаграмма кодын редакциялау. Виртуалды аспаптарды құру. Арифметикалық операциялар. Дыбысты сүзгіден өткізу. Дыбыс амплитудасын талдау. Циклдер құрылымдарының екі типі. Массивті деректер генерациясы. "Case" құрылымын пайдалану. Бағдарламалауды ұйымдастыру. Логикалық операциялар. Басқарудың және индикаторлардың негізгі элементтері. Қосу. Қозғалмалы тіркеуіштер. "Бірізділік" құрылымы. Формула түйіні. Генераторлар және осциллографтар. Виртуалды құрылғылар кітапханалары. Бағдарламаларды дұрыстау әдістемесі.

17-тақырып. Кәсіптік саладағы ақпараттық технологиялар. Өндірістік АКТ

Цифрлық Қазақстан. Цифрлық армия. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне енгізілген АКТ.

18-тақырып. Кәсіптік салада қолданбалы бағдарламаларды орнату және пайдалану

"Ақпараттандыру туралы" ҚР Заңы. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, құру және енгізу тәртібі.

19-тақырып. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің автоматтандырылған басқару жүйелері

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері автоматтандырылған басқару жүйелерінің тізбесі, оларды қолдану ерекшеліктері. Даму перспективалары.

20-тақырып. АКТ даму перспективалары

Қазіргі замандағы АКТ ролі. АКТ даму кезеңдері. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың даму перспективалары.

7-бөлім. Әскери психология және педагогика.

Пән атауы.

"Психология және педагогика" пәні жас әскери қызметшілердің әскери қызметке кәсіби бейімделуін психологиялық қамтамасыз ету мәселелерін практикалық шешуге мүмкіндік береді, ол армияның қорғаныс қабілетін және әскери қызметшінің сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Пәнді оқыту мақсаты адами фактордың рөлін, әскери қызметшілердің қазіргі заманғы соғыс жағдайларында әскери-кәсіптік бейімделуі жетістігін зерделеу; адамның психикалық қызметінің заңдылығын үйрету және оларды әскерлерді психологиялық даярлауда іске асыру болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) әскери қызметшілер және әскери ұжым қызметінің психологиялық аспектілерін анықтау;

2) әскери ұжымның шоғырлану жолдарын іздеу және жауынгерлік белсенділігін арттыру;

3) әскери қызметшінің психикасына жауынгерлік жағдайлардың, ұзақ эмоционалдық және физикалық ықпал етуін үйрету;

4) жеке тұлғаны дамыту және кадрлық іріктеу ресурстарының психологиялық мүмкіндіктерін бағалау;

5) әскери қызметшілерді оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық негіздерін әзірлеу;

6) әскери тәртіпті арттыру үшін офицердің басқарушылық педагогтық мәдениетін дамыту;

7) кәсіби құзыретті дамыту және өздігінен білім алу дағдыларын дамыту үшін оқытудың әртүрлі нысандарын пайдаланудың, оқыту әдістеріне үйрету.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын құзыреттіліктер:

1) әскери ұжымдарды басқарудағы практикалық психология туралы тұтастай ұғымды аша білу қабілеті;

2) қарсыласының психологиялық қысымына қарсы әрекет ете білу;

3) бөлімшедегі әскери маманның кәсіби түрде маңызды қасиеттерін қалыптастыру, құру және дамыту дағдылары;

- 4) күйзеліс жағдайларына психологиялық тұрақты болу;
- 5) ақпараттық лектерді талдай алу және ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету қабілеті;
- 6) көшбасшылық қасиеттері;
- 7) педагогикалық шеберлік, әскери ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды талдай білу, әскери тәртіпті нығайту әдістері мен құралдарын ала білу қабілеті;
- 8) командир қызметінің әскери кәсіби шеберлігін айқындайтын барлық білімді ықпалдастырудың белсенді әлеуеті;
- 9) әскери бөлімшелерді басқарудағы және басшылық жасаудағы дағдылар;
- 10) бөлімше командирінің бағынысындағылармен тиімді іскерлік қарым-қатынасы;
- 11) әскери ұжымдардағы жеке тұлға аралық қарым-қатынастарды объективті бағалау.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Әскери психологияның жалпы мәселелері.
2.	2-тақырып. Отандық ғылым мен практикадағы кәсіптік-психологиялық іріктеу.
3.	3-тақырып. Танымдық психикалық процестер мен оларды есепке алу және оны жауынгерлерде дамыту .
4.	4-тақырып. Әскери қызметшіні жеке тұлға ретінде қалыптастыру.
5.	5-тақырып. Жеке тұлғаның жеке-типологиялық ерекшеліктері.
6.	6-тақырып. Әскери қызметшілердің эмоционалдық-еркін процестері.
7.	7-тақырып. Адамның қысылтаяң жағдайларда өзін ұстауы.
8.	8-тақырып. Ақпараттық-психологиялық тайталас.
9.	9-тақырып. Қазіргі кезеңдегі әскери педагогика.
10.	10-тақырып. Әскери дидактика (әскери қызметшілерді оқыту теориясы).
11.	11-тақырып. Әскери бөлімшелердегі тәрбие жұмыстары.
12.	12-тақырып. Әскери қызметшілерді тәрбиелеу әдістері.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Әскери психологияның жалпы мәселелері.

Кіріспе. Психологияның ғылым ретінде пайда болу тарихы. Психологияның адам туралы ғылым жүйесіндегі міндеттері мен алатын орны. Қазіргі заманғы

тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананың жаңғыруындағы психологияның және психологиялық білімнің мәні. Әскери психологияның объектісі, мәні мен әдістері. Психология тиімді өмір сүруге көмектесетін ғылым мен практика ретінде. Қазіргі заманғы қолданбалы (әскери) психология, оның ерекшеліктері.

2-тақырып. Отандық ғылым мен практикадағы кәсіптік-психологиялық іріктеу.

Маңызды кәсіптік қабілеттер (МКК), олардың құрылысы. Қабілеттер мәселесі. Қабілеттерді қалыптастырудағы ортаның және тұқым қуалаушылықтың рөлі. Арнайы ерекшеліктер. Кәсіби жарамдылық ұғымы.

Әскери қызметшілерді кәсіптік-психологиялық іріктеудің (КП) өзекті мәселелері. АҚШ пен басқа да елдердегі кәсіптік іріктеу. Кәсіптік іріктеудің экономикалық және идеологиялық негіздері. Әскери-кәсіптік бейімделу жетістігін болжау. Қазақстан Қарулы Күштерін жасақтау практикасындағы кәсіптік іріктеу.

3-тақырып. Танымдық психикалық процестер мен оларды есепке алу және оны жауынгерлерде дамыту.

Психиканың құрылысы: танымдық процестер (назар, жады, ойлау) және эмоционалдық-еркін процестер. Жеке тұлғаны зерттеу әдістері. Кәсіби графикалық зерттеу. Әскери авиациядағы кадрлық іріктеу. Жалпы танымдық қабілеттерді диагностикалау: назар, жады, ойлау. Танымдық қабілеттерді жаттықтыру және дамыту тәсілдері.

4-тақырып. Әскери қызметшіні тұлға ретінде қалыптастыру.

Жеке тұлғаның жалпы сипаттамасы. Жеке тұлға құрылысы. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ортаның рөлі. Жеке тұлға және әскери қызмет. Жеке тұлға бағыттылығының жалпы сипаттамасы және жауынгердің өзін ұстау уәждемесі. Адамның қажеттілігі және уәждемесі, оның иерархиясы. Уәждеме түрлері, уәждемелер күресі. Жетістікке жету уәждемесі немесе сәтсіздіктерден қашу. Өздігінен даму, оның бағыттылығы. Жеке тұлға теориясы.

Жеке тұлғаның адамгершілік негізі, құндылықтар жүйесі. Мамандық және қызмет жеке тұлға дамуының негізі ретінде. Кәсіби шеберлік және оның өлшемшарттары, кәсіптік өзін анықтау. Кәсіптік және жеке жетістік, олардың байланысы. Өмірдің мәні, адамның жеке миссиясы мен рухани әлеуметтенуі.

5-тақырып. Жеке тұлғаның жеке-типологиялық ерекшеліктері.

Жеке тұлғаның жеке қасиеттері: темперамент, мінез және қабілеттер. Жүйке жүйесінің құрылысы темпераменттің негізі ретінде. Темпераменттің түрлері (холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик). Темперамент пен мінездің өзара байланысы. "Ұлттық мінез" ұғымы, мінез екпін белгілерінің көрінуіндегі отбасының рөлі. Жеке қасиеттерді және тұлғалық сапаларды зерттеу әдістері. Әскери қызмет процесіндегі жеке тұлғаның дамуы.

6-тақырып. Әскери қызметшілердің эмоционалдық-еркін процестері.

Эмоцияның адам өміріндегі рөлі. Эмоциялар мен сезімдердің жалпы сипаттамасы. Эмпатия бола алу қабілеті. Еркін қабілеттер. Жеке тұлғаның эмоционалдық-еркін қабілеттерін диагностикалау.

Эмоцияларды реттеу әдістері мен тетіктері (денелік, зияткерлік, менталды және рухани деңгейлер). Эмоционалдық зияткерлік ұғымы, оның диагностикасы мен дамуы.

Эмоционалдық-еркін процестерді өздігінен реттеудің негізгі тәсілдері. Эмоционалдық құзыреттілікті қалыптастыру.

Запасқа шығарылғандардың психологиялық мәселелері.

7-тақырып. Адамның қысылтаяң жағдайларда өзін ұстауы.

Психикалық жағдай, жеке бейімделу әлеуеті. Эмоционалдық күйзеліс және эмоционалдық жағдайларды реттеу. Жауынгерлердің ұрыстағы эмоциясы және сезімдері, жауынгерлік қимылдар процесіндегі тұлғалық динамикасының ерекшеліктері. Жауынгерлік қызметтегі психологиялық факторлар. Жауынгерлік психикалық жарақат. Жарақаттан кейінгі күйзелістік бұзылу (ЖККБ). Жауынгерлік қимылдар (вьетнам, ауған, шешен синдромдары) процесіндегі әскери қызметшілердің жағдайы мен өзін ұстау ерекшеліктері. Қарулы Күштер жеке құрамының моральдық-психологиялық әзірлігі мен тұрақтылығы.

Табиғат апаттары мен зілзалалар (Чернобыль апаты, Уфа қасіреті, Спитақтағы, Фукусимадағы жер сілкінісі және т.б.) ошағындағы адамдардың жағдайы, мінез-құлқы мен қызметтерінің ерекшеліктері. Адамдардың жаппай апаттық мінез-құлқы..

8-тақырып. Ақпараттық-психологиялық тайталас.

Жаппай танымды басқарудағы қазіргі заманғы тәсілдер. Терроризм психологиясы. Жаппай танымға психологиялық ықпал ету түрлері. Интернеттің психологиялық феномені: ақпараттық терроризм, ақпараттың "улылық уыттылығы", діни фанатизм, деструктивті интернет-ұйым. Ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік және БАҚ хабарламаларын талдау. Теріс ақпараттық қысымға қарсы тұру әдістері.

9-тақырып. Қазіргі кезеңдегі әскери педагогика.

Отандық әскери педагогиканың дамуы және әскери педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы. Әскери педагогиканың міндеттері мен әдістері. Қазақстандағы білім берудің жаңа парадигмасы, кәсіби даму траекториясын өздігінен салуға бағытталу. Болондық декларация (1999 ж.) және жаңа жоғары білім жүйесі, Қазақстандағы әскери кадрларды даярлаудың көп деңгейлі жүйесі. Академиялық ұтқырлықтың дамуы. Жоғары білімнің Орталық Азия аймағын құру.

10-тақырып. Әскери дидактика (әскери қызметшілерді оқыту теориясы).

Қазіргі заманғы оқу процесі қарқындылығының себептері. Әскери педагогиканың әдіснамалық негіздері. Әскери оқу процесінің маңызы. Әскери оқудың қағидаттары мен мазмұны.

"Педагогикалық технология" ұғымы және оның сыныптауышы. Оқу процесінің технологиялық құрылысының сызбасы (М. Кларин).

Интерактивті оқыту. Оқудың әдіснамалық негізі (әдістері, сабақтардың түрлері). Инновациялық білім беру технологиялары. Оқу мақсаттарының таксономиясы (Б. Блум бойынша).

Қашықтықтан білім беру және қашықтықтан оқыту. Әскери-кәсіптік құзыреттілікті дамытудағы өздігінен білім алудың рөлі. Жеке даму траекториясын құру.

11-тақырып. Әскери бөлімшелердегі тәрбие жұмыстары.

Әскери қызметшілерді тәрбиелеу міндеттері мен қағидаттары. Жас ұрпақ дүниетанымының ерекшеліктері, цифрлық технологиялардың ықпал етуі. Қазақстандағы тәрбие жұмысы және жастар саясаты. Әскери қызметшілерді тәрбиелеу процесінің маңызы. Әскери ұжым тәрбие беру субъектісі ретінде.

Оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі нысандары және олардың ерекшеліктері: нұсқаулар беру, мемлекеттік құқықтық даярлық, ақпараттандыру, жаппай мәдени жұмыстар, "жауынгерлік парақ".

12-тақырып. Әскери қызметшілерді тәрбиелеу әдістері.

Әскери қызметшілерді тәрбиелеу әдістері және оның ерекшеліктері. Офицер бөлімшедегі тәрбие беру процесінің жетекшісі ретінде, оның педагогтік мәдениеті. Әскери тәртіпке тәрбиелеу және тәртіптік практиканы талдау. Тәрбие процесінің құрылысы және логикалық бірізділігі. Бөлімшелерде тәрбие әдістерін үлгілендіру: сендіру, мысал, жарыс, көтермелеу, күштеу және т.б.

Офицерлік жиналыстың тәрбие беру нысаны ретінде. Сарбаздарды, әскери қызметші әйелдерді тәрбиелеу ерекшеліктері. Дінге сенушілермен тәрбие жұмыстары.

8-бөлім. Әскери әдеп.

Пән атауы.

"Әскери әдеп" пәні кәсіптік әдептің әскери саладағы мәні мен ерекшеліктерін; адамгершіліктің қалыптасуына және әскери кәсібиліктің дамуына қажет этикалық білім жүйелерін үйренуге; офицер элитасының адамгершілік мәдениеті туралы түсінік қалыптастыруға арналған. Пәннің негізгі векторы – әскери моральдың нормалары мен қағидаттары, оның әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық және жауынгерлік қабілеттерін қалыптастыруға әсер етуі. Офицерлер корпусының кәсіптік әдебінің мазмұны және оның қоғам өміріндегі рөлі армияның даму деңгейін және оның моральдық қасиеттерін тарихи жағынан көрсетеді. Қазіргі заманғы әскери әдептің негізгі нормалары мен

қағидаларын сақтау армияның атағын сақтауды қолдайды және әлеуетті құрылымдар имиджін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Пәнді оқыту мақсаты болашақ офицерлердің психологиялық және әдеп мәдениетін қалыптастыру, іскерлік қарым-қатынас саласындағы және әскери-кәсіптік қызмет практикасындағы идеялармен танысу, әскери ұжымдардағы өзара сыйластық пен сенім атмосферасын қалыптастыру болып табылады. Әдеп кодексі офицерлерге тән жеке қасиеттерді және адамгершілік нормаларын белгілейді, оларды армиядағы қызметінде лауазымдық нұсқауларын (міндеттерін) орындауда басшылыққа алу қажет.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) адамға және оның өмір сүруге құнды қарым-қатысының мәнін түсінуді қалыптастыру;

2) офицер еңбегінің адамгершілік мазмұнын меңгеру;

3) әскери қызметшілердің өзін адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу дағдыларын алу;

4) әскери серіктестікті, патриоттықты, еркін қасиеттерді, парыз сезімін дамыту және нығайту;

5) әдептің қызметтік қарым-қатынастар мен қызметтік әдеп негізгі талаптарын үйрену;

6) кәсіптік-әдептік білімін пайдалана білуді дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын құзыреттіліктер:

1) офицерлер корпусының көп жақты кәсіби мәдениеті;

2) бөлімше командирінің бағынысындағылармен тиімді іскерлік қарым-қатынасы;

3) әскери ұжымдардағы жеке тұлғааралық қарым-қатынастарды объективті бағалау;

4) күнделікті қызметте және әскери қызмет жағдайларында зайырлы әдеп қағидаларын сақтайтын офицердің оң имиджі;

5) офицердің парыз және патриоттық сезімі, өзін-өзі адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуі және эмоционалдық тұрақтылығы.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с№	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Әдеп ұғымы. Әдептің әскери саладағы ерекшеліктері.
2.	2-тақырып. Әскери әдеп пәні.
3.	3-тақырып. Офицердің ар-намыс кодексі.
4.	4-тақырып. Офицердің сөйлеу мәдениеті.
5.	5-тақырып. Шешендік өнер.



6.	6-тақырып. Әскери басшының басқарушылық әдебі.
7.	7-тақырып. Тиімді коммуникацияның техникасы және тәсілдері.
8.	8-тақырып. Әдеп және әскери қызметшілердің отбасы қарым-қатынасындағы психологиясы.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Әдеп ұғымы. Әдептің әскери саладағы ерекшеліктері.

Әдеп ғылым ретінде: оның пәні, мәселелер шеңбері және арналуы. Әдеп танымының негізгі санаттары. Әдептің негізгі құрамдастарының сипаттамасы. Әдеп рухани мәдениет құбылысы ретінде. Қоғам және мораль. Моральдің әлемді рухани меңгерудің басқа нысандарымен (құқық, экономика, саясат, өнер, дін) өзара байланысы.

Әскери әдептегі бағыттар: әскери әдеп және әскери-кәсіптік әдеп.

2-тақырып. Әскери әдеп пәні.

Армияның қазіргі заманғы мемлекет өміріндегі орны. Әскери (кәсіптік) әдептің пайда болуы және тарихи даму кезеңдері. Әскери әдептің қазіргі заманғы армия мен қоғамдағы адамгершілік қарым-қатынастардың жалпы жүйесіндегі орны.

Әскери әдептің санаттары: патриотизм, парыз, намыс, ерлік, ар-ұят, әскери әріптестік, жанқиярлық.

3-тақырып. Офицердің ар-намыс кодексі.

Әскери қызметшілердің ар-намыс кодексін жасау тарихы: бусидо (жауынгердің жолы) жапон кодексі, серінің ар-намыс кодексі, Ресей империясы офицерінің ар-намыс кодексі. Офицер ар-намыс кодексінің тәрбиелік рөлі.

Кәсіптік моральдің қалыптасу кезеңдері және дамуы. Қазіргі заманғы кәсіптік әдеп кодекстері. Әскери элитаға тәрбиелеу және білім беру. Болашақты ұйымдастыру (Ф. Лалу теориясы). Жаңа типті көшбасшылар. ҚР ҚК офицерінің ар-намыс кодексі. Кәсіби шеберлік – жеке тұлғаның жоғары рухани-практикалық қызметінің көрініс табуы.

4-тақырып. Офицердің сөйлеу мәдениеті.

Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Қарым-қатынас ұғымы. Қолданбалы әдеп: іскерлік қарым-қатынас. Қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық санат және қызметтік істегі іскерлік қарым-қатынастар әдебінің құралы ретінде. Қарым-қатынастың түрлері, нысандары және функциялары. Әскери-кәсіптік саладағы перспективті, коммуникативті және интерактивті қарым-қатынас аспектісі. Офицердің сөйлеу мәдениеті және оның іскерлік қарым-қатынастың әдептілігін қамтамасыз етудегі рөлі.

5-тақырып. Шешендік өнер.

Сөйлеу техникасы, сөйлеу әдебі. Іскерлік сөйлеудің психологиялық мәдениеті . Ұлттық қарым-қатынас стилінің кросс-мәдени өзгешеліктері мен ерекшеліктері. Бағынысындағылармен қарым-қатынас жасау мәдениеті, тәлімгерлік жүйесі, әртүрлі жастағы әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынасы. Әскери ұжымдағы көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениеті.

6-тақырып. Әскери басшының басқарушылық әдебі.

Қызметтік қарым-қатынастар саласындағы адамгершілік қағидаттары мен талаптары. Офицерлер құрамы мен бағыныстылар арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын кодификациялау. Әскери ұжымның моральдық-психологиялық климаты. Әлеуметтік-психологиялық шиеленіс ұғымы және құрылысы. Шиеленістер түрлері. Шиеленістер кезеңдері. Шиеленістегі мінез-құлық стратегиясы.

Командирдің әдеп мінез-құлқының нормалары. Әскери қызметшілер арасындағы қарым-қатынас және олардың ұрыстағы мінез-құлқы. Әскери парыз, әскери серіктестік, әскери ар-намыс, ерлік, жанқиярлық, патриотизм. Еркіндік мәселесі. Әскери элитаны тәрбиелеу.

7-тақырып. Тиімді коммуникацияның техникасы және тәсілдері.

Әлеуметтік интеллект. Басшының имиджі және оның құрамдастары. Әдеп әлеуметтік құбылыс ретінде. Әлемдік әдеп тарихы. Әдеп түрлері (сарай маңы, жалпы азаматтық, дипломатиялық, әскери, діни). Әдеп міндеттері. Әскери әдеп. Әскери-қызметтік істегі әдеп. Іскер адамның әдебі.

Жұмыс орнына және қызметтік үй-жайға әдеп талаптары. Іскерлік кеңесті жүргізу. Келіссөздер жүргізу. Телефон арқылы сөйлесу ережелері. Іскерлік хат алмасу қағидалары. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық. Әскери жоралғылар және олардың тәрбиелік рөлі. Әскери киім нысанын кию мәдениеті. Қазақстандағы әскери дәстүрлер.

8-тақырып. Әдеп және әскери қызметшілердің отбасы қарым-қатынастарының психологиясы.

Жеке тұлғаның рухани негізі. Құндылықтар жеке тұлғаның маңызды ресурсы ретінде. Құндылықтар жүйесі және қоғамның қазіргі заманғы сұраныстары.

Жас жігіттер мен қыздар арасындағы, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті. Отбасылық өмір психологиясы. Әскери қызметшілердің отбасылық өмірінің ерекшеліктері. Әйелдер кеңесі, оның ұжым өміріндегі рөлі. Өмірлік және отбасылық құндылықтар. Өмірдің мәні және оның құндылықтары.

9-бөлім. Саясаттану.

Пән атауы.

"Саясаттану" пәні негізгі саяси заңдылықтарды және саяси сипаттағы құбылыстарды, саяси билік аспектісіндегі мемлекеттер, саяси партиялар арасындағы саяси қарым-қатынастарды үйретуге арналған.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

Пәнді оқыту мақсаты жаңа буынның болашақ офицерлерінде жетілген дүниетанымын, мемлекеттің саяси жүйесін объективті бағалау қабілетін қалыптастыру, жалпы әлемдік практиканың билігін және Қазақстанның саяси жүйесін іске асыратын барлық құралдарды түсіну болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) қоғам мен оның кіші жүйелерін үйренуде негізгі саяси ұғымдарды, теорияларды және тәсілдерді меңгеру;

2) курсанттардың саяси ақпаратты қабылдаудағы негізгі көздер мен тәсілдерді меңгеру;

3) кәсіптік қызметтегі саясаттануды меңгеру процесінде алған білімдерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

4) сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын және оны практикада қолдану қабілеттерін қалыптастыру;

5) қазіргі заманғы әлемде және Қазақстан Республикасында саяси құбылыстарды талдауға негізгі саясаттанушылық санаттар, тәсілдер;

6) Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің қалыптасу ерекшелігі және жұмыс істеуі;

7) Қазақстан Республикасындағы және қазіргі заманғы әлемдегі саяси процестердің мәні, құрылысы;

8) қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесі, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты;

9) қазіргі заманғы қоғамды дамытудағы қазақстандық мемлекет идеологиясының рөлі.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын құзыреттіліктер:

1) қазіргі заманғы әлемде және Қазақстан Республикасында саяси процестерді талдай білу қабілеті;

2) қазіргі заманғы саяси процестердің перспективадағы дамуын бағалай білу қабілеті;

3) қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің қалыптасу процестерін түсіне білу қабілеті;

4) әлеуметтік-кәсіптік мәселелерді шешудегі саяси білімді пайдалана білу, саясаттың қоғамдық өмірдегі басқа салаларға ықпалын ескеру қабілеті;

5) Қазақстан Республикасында идеологиялық процестерді талдай білу қабілеті;

б) өзінің өмірлік, азаматтық және қазақстандық мемлекеттің идеологиясын ескере отырып, патриоттық ұстанымын негіздей білу қабілеті;

7) идеологиялық толеранттылық сапасын көрсете білу қабілеті.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1.	1-тақырып. Саясаттану ғылым ретінде.
2.	2-тақырып. Саяси билік: мәні мен жүзеге асыру тетігі.
3.	3-тақырып. Саяси режимдер және саяси жүйе.
4.	4-тақырып. Саяси партиялар және партиялық жүйелер.
5.	5-тақырып. Геосаясат туралы жалпы ұғым. Саяси шиеленістер және дағдарыс.
6.	6-тақырып. Ұлттық мүдделер саласындағы мемлекеттің саясаты.
7.	7-тақырып. Әскери саясат жүйесіндегі ұлттық қауіпсіздік.
8.	8-тақырып. Әлемдік саясат және қазіргі заманғы халықаралық қатынастар.

Пән мазмұны.

1-тақырып. Саясаттану ғылым ретінде.

Саясаттану пәні. Саясаттанудың заңдылығы, санаттары, әдістері және функциялары. Саясаттанудың объектісі. Саясаттанудың әлеуметтік-гуманитарлық пәндер жүйесіндегі рөлі мен алатын орны. Саясатқа тән белгілер. Саясаттанудың негізгі функциялары. Офицер қызметіндегі саяси білімнің рөлі.

Саясаттану ғылымының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Адамзат өркениеті тарихындағы саяси идеялардың генезисі. Саяси ойдың қалыптасу мен даму тарихының дәуірлік кезеңдері. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары. Қазақстан Республикасындағы саясаттану ғылымының қазіргі заманғы даму бағыттары. Қазақстан Республикасының қоғам жаңғыруы кезеңіндегі саясаты.

2-тақырып. Саяси билік: мәні мен жүзеге асыру тетігі.

Саяси биліктің мәні, оны анықтаудағы түрлі әдістер (бихевиористік, телеологиялық, жүйелік, релятивистік). Биліктің функциялары. Саяси биліктің объектісі мен субъектісі, қайнар көздері, негіздемелері және ресурстары. Биліктің деңгейлері.

Билікті жүзеге асырудың түрлері мен әдістері. Саяси және мемлекеттік билік. Билікті табыстау және биліктің бөлінуі. Саяси биліктің легитимділігі және оның көздері. Егеменді Қазақстандағы мемлекеттік билік. Билік тиімділігінің негізгі институттары мен өлшемшарттары.

Саяси элиталар және саяси көшбасшылық. Элиталардың негізгі теориялары: Г. Моска мен В. Парето элиталарының классикалық теориялары, демократиялық элитизм (М. Вебер) мен элита плюрализмі (Г. Лейпхарт, Р. Даль) тұжырымдамалары. Қоғамға әсер ету көздері бойынша саяси элиталардың жіктелуі: (мұрагерлік, құндылықтық, биліктік, функционалдық), қалыптасу тәртібі бойынша (ашық және жабық). Саяси элитаның құрылысы (жоғарғы және орта). Саяси элиталарды таңдау жүйелері. Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері. Саяси көшбасшылық ұғымы және табиғаты, оның әлеуметтік функциялары. Саяси көшбасшылықтың қазіргі заманғы теориялары. Саяси көшбасшылықтың дамуындағы жаңа үрдістер.

3-тақырып. Саяси режимдер және саяси жүйе.

Саяси режим ұғымы мен түрлері. Демократияның негізгі теориялары мен модельдері. Демократияның қазіргі заманғы түрлері. Қазіргі уақыттағы саяси режимдер: батыстағы полиархиялар, жаңа демократиялар, шығыс азиялық режимдер, исламдық режим, әскери режимдер.

Сайлау демократияның міндетті шарты ретінде. Сайлау жүйесінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлері. Сайлау жүйелерінің қазіргі заманғы тұжырымдамалары. Көпсатылы сайлау. Сайлау рәсімі мен сайлау кампаниясы.

Қазақстандағы саяси режим, оның эволюциясы. Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократиялау процесі. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнама. Қазіргі заманғы Қазақстанның сайлау жүйесі, оны жетілдірудің жолдары мен бағыттары. Қазақстан Республикасындағы электоралдық процестің ерекшеліктері. Қазақстандық қоғамның саяси өміріндегі қоғамдық қозғалыстардың орны мен рөлі.

4-тақырып. Саяси партиялар және партиялық жүйелер.

Саяси партиялар, партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Саяси партиялар ұғымы, мәні, белгілері. Саяси партиялардың типологиясы мен функциялары.

Биліктік қатынастар жүйесіндегі саяси партиялар. Партиялық жүйенің қазақстандық үлгісі. Қоғамның саяси өмірінде қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бірлестіктердің пайда болуы және эволюциясы. Лоббизм. Мүдделер топтары: ұғымы, функциялары, типологиясы. Саясаттағы қысым топтары. Партиялар арасындағы бәсекелестіктің ерекшеліктері.

5-тақырып. Геосаясат туралы жалпы ұғым. Саяси шиеленістер және дағдарыс.

Геосаясат: негізгі ұғымдары мен санаттары, объектісі, пәні, функциялары мен әдістері. Саясаттағы географиялық факторлардың рөлі. Геосаясаттың негізгі санаттары және ұғымдары. Геосаясаттың негізгі санаттары: кеңістік, геосаяси

өріс, кеңістікті бақылау, саяси кеңістік (шекара), күштер балансы, экспансия және т.б. Геосаяси факторлар мен саяси кеңістік туралы қазіргі заманғы ұғымдар. Дағдарыс, геосаясат және мемлекеттің ұлттық мүдделері.

Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және деструктивті қызметтер. Саяси шиеленістерді шешу түрлері мен жолдары. Этносаяси шиеленістер мен дағдарыстар. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси шиеленістерді болдырмау технологиялары. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі.

6-тақырып. Ұлттық мүдделер саласындағы мемлекеттің саясаты.

Мемлекеттің ұлттық мүдделерінің негізгі санаттары және ұғымдары. Ұлттық мүдделердің саясаттағы және геосаясаттағы рөлі. Саяси кеңістіктегі ұлттық мүдделер туралы қазіргі заманғы ұғым. Ұлттық мүдделер және құндылықтар, мемлекеттің мақсаттары. Ұлттық мүдделерді анықтаудың әртүрлі тәсілдері: тұрақты, ауыспалы (Г. Моргентау); объективті, субъективті (М. Каплан); ішкі, сыртқы (П. Аснер). Ұлттық мүдделердің түрлері: әскери емес және әскери.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты. Қазақстан және шекаралас елдер . Әскери байланыс және әскери-техникалық ынтымақтастық. Бірыңғай саяси, стратегиялық және экономикалық кеңістікті құру перспективалары. Еуразиялық Кеңеске интеграциялау.

7-тақырып. Әскери саясат жүйесіндегі ұлттық қауіпсіздік.

Қоғамдық өмірдің саясаты және әскери саласы. Қоғамдық өмірдің әскери саласының элементтері саясаттың объектілері ретінде. Мемлекеттің әскери саясатының мәні мен мазмұны. Мемлекеттің әскери саясаты: табиғаты мен құрылысы. Саясат пен стратегиялық басқарудың өзара байланысы.

Мемлекеттің әскери ұйымдастырылуы әскери басқарудың объектісі ретінде. Әскери басқару жүйесіндегі ұлттық мүдделер. Әскери басқару жүйесіндегі әскери ұйымдастыру мен әскери қызметке азаматтық бақылау жасау. Мемлекеттің әскери күшін іске асыру жүйесіндегі әскери саясат. Қазіргі заманғы әлемдік мемлекеттердің әскери саясатының сипаты мен мазмұны.

Ұлттық қауіпсіздіктің түрлері – саяси, экономикалық, мәдени, демографиялық, әскери, ақпарат қауіпсіздігі және т.б. Ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекет саясатының мақсаттары. Қазақстанның қазіргі заманғы әскери доктринасы. Ұлттық қауіпсіздік қорғанысын қамтамасыз етудегі әлеуетті құрылымдардың рөлі.

8-тақырып. Әлемдік саясат және қазіргі заманғы халықаралық қатынастар.

Әлемдік саясат және әлемдік саяси процесс. Халықаралық қатынастар ұғымы және негізгі субъектілері. Халықаралық қатынастар теориясындағы теориялық

тәсілдер мен негізгі дәстүрлі мектептер. Қазіргі заманғы халықаралық тәртіптің тарихи түрлері мен ерекшеліктері. Халықаралық қатынастар жүйелерінің типологиясы мен олардың жұмыс істеуінің құрылымдық заңдылықтары.

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың дамуының негізгі үрдістері. Әлемдік саяси процестердің жаһандануы мен қазіргі жаһандық қатерлер. Әлемдік экономикалық кеңістіктің жаһандануы. Әлемдік саяси кеңістіктің жаһандануы. Әлемдік ақпараттық (геоақпараттық) кеңістіктің жаһандануы. Жаһандану және идеология. Қазіргі заманғы әлемдегі жаһандану процестерінің институттары (БҰҰ, ӘСО, Әлемдік банк, Халықаралық валюта қоры және т.б.). Жаһандануға қарсы қозғалыстар.

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттары – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен еңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту. Қазақстанның саяси, экономикалық, инновациялық, қаржы, сауда, ақпараттық жаһандану процестеріне қатысуының перспективалары.

Жалпы халықаралық қауіпсіздік – өркениеттің өмір сүру кепілдігі. Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі.

10-бөлім. Дене шынықтыру дайындығы.

Пән атауы.

"Дене шынықтыру дайындығы" пәні әскери қызметшілердің дене шынықтыруға жетекшілік етуде теориялық білімді, ұйымдастыру-әдістемелік машықтарын меңгеруге, оны ұйымдастыруға және жүргізуге арналған. Болашақ офицерлерде лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес өздерінің міндеттерін табысты атқаруға қажет теориялық білімдерін, ұйымдастыру-әдістемелік және әскери-қолданбалы қозғалмалы дағдыларын қалыптастыратын маңызды жалпыәскери пәндердің қатарына жатады.

Дене шынықтыру дайындығынан алған білімдері әскери қызметтің ерекшеліктерімен және қоршаған ортаның дене факторларының өзгеруін ескере отырып, жауынгерлік міндеттерді орындаумен байланысты әскери қызметшілердің ағзасының әртүрлі жағдайларға тұрақты болуын арттырады.

Пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері.

"Дене шынықтыру дайындығы" пәнін оқыту мақсаты әскери қызметшілердің жоғары деңгейдегі дене шынықтыру дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

1) дене шынықтыру қасиеттерін (төзімділік, күш, жылдамдық, ептілік) дамыту және жетілдіру;

2) қиылысқан жергілікті жердегі табиғи және жасанды кедергілерді жаяу тәртіппен және шаңғымен өтуде, жекпе-жек күрес және әскери-қолданбалы жүзуде әскери-қолданбалы дағдыларды қалыптастыру;

3) бұлшық еттің сезімталдығын және қозғалыс үйлесімділігін, негізгі жұмыспен бірге қосымша жұмысты орындау қабілетін дамыту, қызмет құрылысын жылдам өзгерту қабілетін дамыту.

Пәнді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім алушының құзыреттері.

1) ұзақ дене және психологиялық жүктемелерді көтере алу мүмкіндігі;

2) талаптарға және нормаларға сәйкес дене шынықтыру дайындығынан жаттығулар мен нормативтерді орындау;

3) төзімділікті, күшті, жылдамдық пен ептілікті дамыту және ұдайы жетілдіру, осыған басқаларды үйрете алу;

4) дене шынықтыру дайындығының барлық түрлерін (оқу сабақтарын, таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын, спорттық жұмыстарды, оқу-жауынгерлік қызмет процесінде дене шынықтыру жаттығуларын) өткізу;

5) бағынысты әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.

Пәннің тақырыптық жоспары.

Р/с №	Тақырыптың нөмірі мен атауы
1. Теориялық дайындық.	
1.	1-тақырып. Дене шынықтыру дайындығы және оның әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін арттыруға әсері.
2.	2-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтар өткізу.
3.	3-тақырып. Әскери-спорттық кешен – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жаппай спорттық жұмыстың негізі.
4.	4-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру.
2. Практикалық дайындық.	
1.	1-тақырып. Кедергілерден өту.
2.	2-тақырып. Шапшандатылған қозғалыс.
3.	3-тақырып. Гимнастика.
4.	4-тақырып. Спорттық және іс-қимыл ойындары.
5.	5-тақырып. Жекпе-жек күрес.
6.	6-тақырып. Шаңғы дайындығы (әскери-қолданбалы жүзу).
7.	7-тақырып. Кешенді сабақтар.
3. Әдістемелік дайындық.	



1.	1-тақырып. Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.
2.	2-тақырып. Оқу орнында кедергілерден өту бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.
3.	3-тақырып. Оқу орнында жекпе-жек күрес сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.
4.	4-тақырып. Оқу орнында гимнастика бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.
5.	5-тақырып. Взвод командирі рөлінде бөлімше құрамында сабақтар өткізу практикасы.
6.	6-тақырып. Бөлімшеде спорттық-жаппай жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.
7.	7-тақырып. Взводтың, ротаның дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.
8.	8-тақырып. Кешенді сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Пән мазмұны.

#### 1. Теориялық дайындық.

1-тақырып. Дене шынықтыру дайындығы және оның әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін дамытуға әсері.

Дене шынықтыру дайындығының жүйесі. Дене шынықтыру дайындығының мақсаты, міндеттері және мазмұны. Дене шынықтыру дайындығы әдістемесінің жалпы негіздерінің сипаттамасы. Әскери қызметшілердің дене қабілеттері және оларды дамыту мен жетілдіру. Қателерді жою шаралары және жарақаттанудан сақтандыру.

2-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтар өткізу.

Дене шынықтыру дайындығын өткізудің негізгі түрлері мен әдістемесі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілері барлық санаттарының дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлеріндегі дене шынықтыру дайындығының ерекшеліктері.

3-тақырып. Әскери-спорттық кешен – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жаппай спорттық жұмыстың негізі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дене шынықтыру дайындығы жүйесіндегі спорттық жұмыс. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі спорттық жұмыстың мазмұны, мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімдерінде спорттық жұмысты ұйымдастыру. Спорттық жұмысты жоспарлау және өткізу.

Жарыстардың бағдарламасы және оларды дайындау. Жарыстарды өткізу тәртібі және тәсілдері. Әскери-спорттық кешен бойынша жұмысты ұйымдастыру. Әскери-спорттық кешен бойынша жұмыс. Әскери-спорттық кешен бойынша есепке алу.

4-тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру.

Дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі негізгі іс-шаралар. Әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау. Әдістемелік дайындықты тексеру және бағалау. Дене шынықтыру дайындығына басшылық жасау, ұйымдастыру, қамтамасыз ету және өткізу сапасын тексеру және бағалау. Бөлімшенің, әскери бөлімнің (мекеменің) дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.

2. Практикалық дайындық.

1-тақырып. Кедергілерден өту.

Жүру, жүгіру және іс-қимылдағы жаттығулар. Тірекпен және тірексіз секіру, тереңге секіру, секіріп түсу, биікте және тар өтетін жерлерде тар тірек бойымен қозғалу, граната лақтыру, арнайы тәсілдер мен іс-қимылдар. Кедергілерден өтуге жаттығу және техникасын жетілдіру.

2-тақырып. Шапшандатылған қозғалыс.

Қысқа, орташа және ұзақ қашықтықтарға жүгіру техникасы. Граната лақтыру техникасы. Қиылысқан жергілікті жерде жүгіру техникасы. Қашықтыққа жүгіру. Қысқа және ұзақ қашықтықтарға жүгіруді жетілдіру. Бөлімше құрамында қашықтыққа жүгіру.

3-тақырып. Гимнастика.

Ептілікті, қуатты, күштік төзімділікті, икемділікті, тербеліс пен артық жүктемелерге төзімділікті, кеңістікке бейімділікті дамыту, батылдық пен табандылықты тәрбиелеу, мүсінді, саптық жинақылықты және ықшамдылықты жетілдіру. Саптық тәсілдер. Жүру, жүгіру және іс-қимылдағы жаттығулар, жалпы дамытатын жаттығулар, еркін жаттығулар кешендері. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Гимнастикалық снарядтарда жаттығуларды орындау техникасын жетілдіру.

4-тақырып. Спорттық және іс-қимыл ойындары.

Жарыс ережелерін, доппен ойнау техникасын, футбол, волейбол және баскетбол ойындарының тактикасын үйрену. Практикалық жаттығулар мен жеңілдетілген қағидалар бойынша екі жақты ойындар.

5-тақырып. Жекпе-жек күрес.

Ұрысқа әзірлену. Әртүрлі тәсілдер арқылы қозғалу, өзін-өзі сақтандыру тәсілдері. Автоматпен, пышақпен және жаяу әскерлік күрекпен ұрысу тәсілдері. Қолмен, аяқпен соққы беру және олардан қорғану. Ауырту тәсілдері. Лақтырып

тастаулар. Тұншықтыру. Қарусыздандыру және қапсыра ұстаудан босану тәсілдері.

Топтық, тізбекті әдіспен және оқу айқасулары түріндегі тәсілдерді орындаудағы жаттығу және дағдыларды жетілдіру.

6-тақырып. Шаңғы дайындығы (әскери-қолданбалы жүзу).

Шаңғымен және шаңғыда жүру дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, төзімділікті дамыту, жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеу, ағзаны шынықтыру. Шаңғымен және шаңғыда жүрудің саптық әдістеріне зерделеу, шаңғыда қозғалу тәсілдерін зерделеу. Тауға шығу және түсу тәсілдерін зерделеу және жетілдіру. Шаңғымен және шаңғыда жүрудің жауынгерлік тәсілдерінің дағдыларын жетілдіру, тіркеуге алу тәсілдері. Жаттығу орындау техникасын жетілдіру – 5 шақырымға шаңғы жарыстары.

7-тақырып. Кешенді сабақтар.

Жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындығын дамытуға бағытталған көпсалалы снарядтарда, күштік тренажерларда, жекпе-жек күрес алаңында және кедергілер жолағында жаттығуларды, тәсілдер мен іс-қимылдарды орындаудағы жаттығу.

Дене, психологиялық қасиеттерді және әскери-қолданбалы дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығуларды орындаудағы жаттығу.

3. Әдістемелік даярлық.

1-тақырып. Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларының міндеттері, мақсаты, мазмұны, киім нысаны.

Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын өткізу әдістемесі.

2-тақырып. Оқу орнында кедергілерден өту бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Жетекшінің және білім алушылардың сабақтар өткізуге даярлығы. Командалар және олардың сабақтарда кедергілерден өту бойынша беруі. Жарақаттанудан сақтандыру.

Кедергілерден өту бойынша сабақтың даярлық бөлімін өткізу әдістемесі.

Кедергілерден өту бойынша сабақтарды өткізу әдістемесі.

3-тақырып. Оқу орнында жекпе-жек күрестен сабақ өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Жетекшінің және білім алушылардың сабақтар өткізуге даярлығы. Командалар және олардың сабақтарда жекпе-жек күрестен беруі. Жарақаттанудан сақтандыру.

Жекпе-жек күрестен сабақтың даярлық бөлімін өткізу әдістемесі.

Жекпе-жек күрестен тәсілдердің бастапқы кешенін өткізу әдістемесі.

4-тақырып. Оқу орнында гимнастика бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Жетекшінің сабақты дайындауы, командалардың беруі, көмек көрсету және сақтандыру, оқу орнында сабақ өту кезінде жарақаттанудан сақтандыру.

Сабақтың даярлық бөлімін өткізу әдістемесі және практикасы.

Көпсалалы снарядтарда жаттығулар өткізу әдістемесі.

5-тақырып. Взвод командирі рөлінде бөлімше құрамында сабақтар өткізу практикасы.

Көпсалалы гимнастикалық снарядтарда, күштік тренажерларда (ауырлық көтеру жаттығулары) взвод бөлімшесінің құрамында сабақтар өткізу практикасы, 3000 м қашықтыққа жүгіру.

6-тақырып. Бөлімшеде жаппай спорттық жұмысты ұйымдастыру және өткізу.

Бөлімше құрамында Әскери-спорт кешені және әскери-спорттық сыныптауыш жаттығулары бойынша әскери қызметшілердің жаттығуларын өткізу.

Әскери-спорт кешені және спорт түрлері, әскери-спорттық сыныптауыш жаттығулары бойынша бөлімшелердің біріншілігіне жарыстарға дайындалу және өткізу.

Әскери-спорт кешенінің жаттығулары мен талаптарын есепке алу және орындау ведомосын және жарыстар хаттамаларын толтыру тәртібі.

7-тақырып. Взводтың, ротаның дене шынықтыру дайындығын тексеру және бағалау.

Взводтың дене шынықтыру дайындығын тексеру үшін жаттығуларды анықтау. Әскери қызметші мен бөлімшені бағалау тәртібі.

Тексеру өткізу үшін орынды, бұйымды және жабдықты дайындау. Взводтың, ротаның дене шынықтыру дайындығын тексеру қорытындыларын шығару.

Бөлімшенің дене шынықтыру дайындығын тексеру нәтижелері бойынша құжаттарды ресімдеу.

8-тақырып. Кешенді сабақ өткізуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.

Даярлық бөлімі, сабақты ұйымдастыру, мақсаты мен міндеттерін қою. Жаттығуларды іріктеу, оларды көрсету және орындау. Жаттығуларды орындаудың реттілігі. Командалар, орны және жетекшінің іс-әрекеті.

Негізгі бөлім. Жаттығу өткізу жоспары, жаттығуларға арналған міндеттерді қою. Көмек көрсетуді және сақтандыруды ұйымдастыру. Орны және жетекшінің іс-әрекеті.

Қорытынды бөлім, командалар, жаттығуларды іріктеу, оларды орындау.

Сабақты қорытындылау.

